ЖЕТІСУ шұғыласы

№ 39 (9124), жұма, 9 қазан 2026 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ОМАН СҰЛТАНЫ ХАЙСАМ БЕН ТАРИҚ ӘЛ САИД ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Тәуелсіздік сарайында елімізге мемлекеттік сапармен келген Оман Сұлтаны Хайсам бен Тариқ Әл Саидты ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хайсам бен Тариқ Әл Саид бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Президент оркестрі Қазақстан мен Оманның әнұрандарын шырқады.

Бұдан кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Президент мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Оман Сұлтанының Қазақстанға жасаған бірінші сапарының маңызды оқиға екенін атап өтті.

– Аса мәртебелі Сұлтан, елімізге алғаш рет мемлекеттік сапармен келген Сізді қарсы алу – мен үшін үлкен мәртебе. Мұның тарихи мәні ерекше екеніне сенімдімін. Өйткені бұл елдеріміз арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты жандандырып, жаңа деңгейге көтеруге жол ашады. Бұған дейін атап өткендей, өзара ықпалдастықтың әлеуеті мол. Мұны толығымен іске асыру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елдеріміз сенімді серіктеске айналуы үшін барынша күш салатынын айтты.

– Қазақстандықтар еліңізге ерекше құрметпен қарайды. Оманға саяхаттап барған азаматтарымыздың қатары қалың. Алайда Маскатты, Оманның басқа да қалаларын көрмеген отандастарымыз бар. Елдеріміз арасында қосымша тікелей коммерциялық әуе рейстері ашылса, барыс-келіс әлдеқайда жандана түсері сөзсіз. Сіздің сапарыңыз аясында Доңға мұнай кен орнына қатысты маңызды келісімге қол қойылғанынан хабардармын. Бұл да қос тараптың өзара қарым-қатынасты ілгерілетуге мүдделі әрі дайын екенін көрсетеді. Мұны ортақ жетістігіміз деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оман Сұлтаны қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

– Кейінгі отыз жылдан аса уақыт ішінде қарым-қатынасымыз айтарлықтай ілгерілеп, нығая түсті. Бүгінгі кездесуіміз қол жеткізілген нәтижелерді бекемдеп, екіжақты байланыстарды жаңа деңгейге көтереді. Сапар аясында өзара түсіністік жөніндегі бірқатар келісім мен меморандумға қол қоямыз. Сіздің қолдауыңызбен экономика, саяси және мәдени-гуманитарлық салаларда берік байланыс орнатамыз деп сенемін. Біз екі ел арасындағы барыс-келістің артуына мүдделіміз. Президент мырза, жылы қарсы алғаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Өзіңізбен жақын арада Маскат қаласында жүздесеміз деп ойлаймын, – деді Хайсам бен Тариқ Әл Саид.

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Ақордада ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев педагогтерді мерекесімен құттықтап, Мұғалім күні бүкіл қоғамды біріктіретін, нағыз халықтық сипаты бар, қастерлі де қадірлі мерекеге айналғанын атап өтті.

– Ұстаз – әр адамның өмірінен ерекше орын алатын тұлға. Бұған ешкімнің де таласы жоқ деп ойлаймын, бұл – бәрімізге ортақ пікір. Ұстазды ұлықтау өркениетті қоғамның болмысын айқындайтын аса маңызды қасиет саналады. Ұлт ойшылы Абай адамның адамдығы жақсы ұстаздан болатынын айтқан. Халқымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов те «Ұстаз – ұлы есім» деп қадір тұтқан. Мұғалімдер қауымына зор құрметпен қарау, олардың ұлт болашағы үшін атқарып жатқан табанды еңбегіне алғыс айту – баршамызға ортақ парыз. Әсіресе, қазіргідей ақпараттар ағыны күшейіп, озық технология қарқынды дамыған заманда мұғалімнің рөлі әлдеқайда арта түскені ақиқат, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысы ретінде ұстаздарды жан-жақты қолдау жұмысына айрықша мән беретінін жеткізді.

– Баршаңызға мәлім, біз «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылдадық. Мемлекеттік марапаттар тізіміне «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы енгізілді. Елімізде бірнеше мұғалім ең жоғары мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды. 5 қазан күні Ұстаздардың кәсіби мерекесі ретінде нақты бекітілді. Біз жыл сайын бір қоғам болып осы мейрамды кең көлемде атап өтіп жүрміз. Биыл да мереке күндері барлық аймақта әкімдер мұғалімдер қауымын марапаттап, оларға ерекше құрмет көрсетіп жатыр. Ұстаздарды дәл осылай жалпыұлттық деңгейде ұлықтау ісі жалғасын табады. Бұл – мемлекетіміз үшін мән-маңызы айрықша міндет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, жас ұрпақ дамыған мемлекетте, қауіпсіз ортада, өркениетті қоғамда өмір сүруі керек. Қазір Қазақстанда 4 миллионнан астам оқушы бар, яғни, еліміздің әрбір бесінші азаматы мектепте білім алып жатыр.

– Осы мақсатпен біз баршаға бірдей мүмкіндік беретін, Әділетті, Күшті, Таза және Озық Қазақстанды құру ісін қолға алдық, ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Халқымыздың темірқазығы, елімізді тарихи өрлеу дәуіріне бастаған негізгі құжат – Конституцияны қабылдадық. Конституцияда тұңғыш рет оқу-ағарту жүйесін дамытуға ықпал ететін нақты нормалар көрініс тапты. Атап айтқанда, адам капиталын, білім-ғылымды және инновацияны дамыту мемлекеттің міндеті, стратегиялық бағыты ретінде бекітілді. Түптеп келгенде, бұл – заман талабы. Сонымен қатар біз билік жүйесін түбегейлі жаңғырттық. Елімізде бір палаталы Құрылтайдың алғашқы сайлауы өтті. Үкіметтің жаңа құрамы жасақталды. Вице-Президент тағайындалды. Жаңа мемлекеттік орган – Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты құрылды. Жақында Қазақстан Халық Кеңесі өз жұмысын бастады. Осылайша, біз бір ұлт болып еліміздің даму бағдарын айқындаған маңызды әрі іргелі жұмысты табысты атқардық, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, өркениетті әрі озық елдің қуаты оның табиғи байлығымен емес, ең алдымен, адам капиталының сапасымен өлшенеді. Мемлекеттің әлемдегі орны да, экономикалық әлеуеті де қоғамдағы білім мен ғылымның деңгейіне тәуелді.

– Өздеріңіз білесіздер, біз бұл бағытта нақты шаралар қабылдап, белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Мәселен, соңғы жеті жылда елімізде 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1342 мектеп салынды. Биыл тағы 101 мектеп салынып жатыр. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында білім беру мекемелерінің жаңа стандарты қалыптасты. Соның арқасында заманауи инфрақұрылымы бар, балалардың сапалы білім алып, дамуына барлық жағдай жасалған оқу ордалары бой көтеруде. Бүгінде 460 мың оқушыға арналған осындай 217 мектеп салынды. Сол мектептердің 84-і, яғни 40 пайызға жуығы ауылдық жерде орналасқан. Мен өз сөздерімде әрдайым айтып жүрмін: ауыл мектебі де, қала мектебі де балаларға бірдей сапалы білім беретін заманауи оқу мекемесі болуы керек. Қазіргі таңда мемлекет Жасанды интеллект жүйесіне негізделген арнайы сабақтарды орта мектептерге жаппай енгізу бағдарламасын іске асыруда. Бұл – өте маңызды жұмыс. Үкімет осы мәселеге баса мән беруге тиіс. Жалпы, аймақтарда мектеп тапшылығы мәселесі болмауы керек. Өйткені тағы да қайталап айтамын, бұл – мемлекеттің болашағына әсер ететін өте маңызды фактор. Үкімет осы мәселені де әрдайым назарда ұстауы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде педагог мамандығын таңдаған жастардың қатары артып келе жатқанын жақсы үрдіске балады.

– Биыл 12 мыңнан астам түлек, соның ішінде екі мыңнан аса «Алтын белгі» иегері педагогика мамандығы бойынша мемлекет грантына ие болды. Мұғалімдік жолын таңдаған студенттердің шәкіртақысы 2,5 есе көбейді. Жаңа оқу жылы қарсаңында аймақтарда 15 мыңнан астам мұғалім жұмысқа қабылданды. Олардың жартысына жуығы – жас мамандар. Бұл – мектептерге білімді, жігерлі, ұшқыр ойлы мұғалімдердің жаңа буыны келіп жатыр деген сөз. Ұстаздыққа енді қадам басқан жас мамандарға аға буын көп көмек көрсетуге тиіс. Сонда олар да өз ісінің нағыз шебері болып қалыптасады. Сондай-ақ кәсіби сабақтастық дәстүрі пайда болады. Біз оқу-ағарту саласының кадрлық әлеуетін күшейте түсуіміз керек. Білікті мұғалімді мықты мемлекеттің тұғыры деп айтсақ, артық болмайды. Бұл тұрғыдан алғанда, еліміздің жоғары оқу орындары айрықша рөл атқарады. Себебі университет қабырғасында болашақ маманның кәсіби білімі мен дағдысы қалыптасады. Бұдан бөлек, білім-ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге баса мән беру маңызды. Шет мемлекеттерге сапарларым кезінде мен әлемнің озық оқу орындарымен байланыс орнату, ықпалдастықты нығайту мәселесіне айрықша назар аударамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент алдымызда ауқымды міндет тұрғанына назар аударды. Бұл – жаһанда цифрлық өркениет пен білім экономикасы салтанат құрған дәуірде өмір сүріп, өнегелі істермен айналысатын азаматтар буынын тәрбиелеп шығару.

– Сондықтан менің тапсырмаммен Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне жоспарлы түрде енгізу үдерісі басталды. Дұрыс пайдалана білсе, жаңа технология мұғалімдердің қызметін әлдеқайда жеңілдетеді, оларды артық жұмыстан босататын сенімді құралға айналады. Тәлімгерлікке ден қойып, оқушылармен тікелей жұмыс істеуі үшін ұстаздардың уақыты болуға тиіс. Бұл бағытта маңызды қадам жасалды. Биыл қыркүйек айында Оқу-ағарту министрлігі Білім беру саласындағы жасанды интеллектіні қолдану стандартын бекітті. Қалада немесе шалғай ауылда орналасқанына қарамастан, еліміздегі барлық мектеп озық әдістеме мен цифрлық платформаға қол жеткізеді. Бастама жақсы. Жұмыс дұрыс бағытта жүріп жатыр. Халықаралық PISA-2025 зерттеуінің нәтижесі бойынша мектептеріміздің цифрлық дайындық деңгейі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттердің орташа көрсеткішінен асты. Оқушылардың когнитивті бейімделу индексі орташадан жоғарылады. Алайда бұл жолдың басы ғана, тоқмейілсуге себеп емес. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Осы жетістікпен тоқтап қалуға болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өткен аптада Астанада жасанды интеллект тақырыбына арналған ауқымды іс-шаралар өткеніне тоқталды.

– AI & Digital Bridge – 2026 форумы, сондай-ақ белгілі мамандар мен сарапшылардың қатысуымен Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің отырысы болды. Осы отырыста Қазақстанның аса маңызды салада мол табысқа жеткені аталып өтті. Бірақ бұл жайбарақат отыруға болады деген сөз емес. Себебі жасанды интеллект пен жаңа технологиялар өте жоғары қарқынмен дамып жатыр. Бұл – уақыт талабы. Бұдан бөлек, елордамызда тұңғыш рет Astana AI Film фестивалі өтті. Шын мәнінде, бұл – нағыз озық инновациялық іс-шара деп айтуға болады. Өйткені дәл осы өте өзекті және маңызды шара аясында Астана қаласында әлемде алғаш рет жасанды интеллектінің кино өнеріндегі көрінісі пайда болды. Басқаша айтсақ, аталған фестиваль бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі кино өндірісінің өзектілігі азая бастағанын көрсетті. Енді фильм түсірумен айналысатын мамандар шенеуніктердің, демеушілердің және продюсерлердің қолдауына тәуелді болмай, өз бетімен толыққанды кино туындысын шығара алады. Сондықтан Астанада өткен бұл нағыз жаһандық ауқымдағы фильм фестиваліне әлем жұртшылығы айрықша назар аударды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Алайда Президент озық технология дәуірінде кітап оқудың да мән-маңызын арттыруымыз қажет санайды. Бұл ретте Мемлекет басшысы өскелең ұрпаққа осы құндылықты сіңіруге тұтас қоғам атсалысуы қажет екенін айтты.

– Халқымыздың асыл перзенті Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген тамаша сөзі бар. Кітап білімпаздыққа, жанашырлыққа, парасаттылыққа, еңбекқорлыққа баулиды. Кітап оқу – азаматтарды, әсіресе, жастарды үстірт ойлаудан және ақпарат тасқынына жұтылып кетуден сақтап қалатын рухани қалқан. Сондықтан мен биыл мамыр айында «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Үкімет жыл соңына дейін тиісті тұжырымдама қабылдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еңбекқор, білімге құштар, ізденімпаз ұрпақ тәрбиелеудің маңызына тоқталды.

– Біз балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруге, оларды шынайы өмірде де, виртуалды кеңістікте де қорғауға міндеттіміз. Ең бастысы – өскелең ұрпаққа аса қажетті дүниемен, атап айтқанда, жарқын келешекпен, нақты мүмкіндіктермен қамтамасыз етіп, оларға есейгенде мақсат-мұратына жетуге ынталандыратындай жағдай жасау. Еңбексіз ешқандай табыс та, жетістік те болмайды. Бұл – өмірдің қағидасы, заңы. Еңбек дегеніміз – бүкіл өмірді билеп тұрған патша, бұл – өмірдің арқауы. Өмір, бұл – ғажапқа толы сиқырлы әлем емес. Өмір жолын тек жан-жақты дайындалған, біліммен қаруланған адам ғана еңсере алады. Осы қарапайым түсінікті балаларға түсіндіріп айту маңызды. Стратегиялық мақсатымыз – биік шыңдарға көз тігетін, бәсекеден тайсалмайтын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Қазақстанның өсіп-өркендеуі әрқайсымыздың қаншалықты үлес қосатынымызға байланысты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін түйіндей келе, қазір халқымыздың дүниетанымы өзгеріп, қоғамымызда жаңа этика қалыптасып келе жатқанына назар аударды.

– Тазалық, еңбекқорлық, адалдық, өзара сыйластық қасиеттері ұлттық дағдымызға айналып жатыр. «Таза Қазақстан» акциясы жалпыұлттық сипат алып, еліміздің келбетіне және ең бастысы, азаматтарымыздың болмысына оң әсер ете бастады. Табиғатты аялау, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру мемлекетіміздің конституциялық міндеті саналады. Осындай елдік маңызы зор іске сіздер, жалпы ұстаздар қауымы мол үлес қосып жатсыздар.

Себебі көзі ашық, көкірегі ояу, тәрбиелі, заңға бағынатын адал азаматтар ең алдымен мектептегі мұғалімнен тәлім алады. Сондықтан мен еліміздегі барша ұстазға шынайы ризашылығымды білдіремін. Ұстаздық еткен әр адамның ерен еңбегі зор құрметке лайық деп санаймын,– деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты жиында білім берудегі аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ мұғалімге жоғары мемлекеттік наградалар табысталды.

akorda.kz

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛҒАННАН БЕРІ 26 БІЛІМ БЕРУ НЫСАНЫ САЛЫНЫП, 33 НЫСАНҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ



Жетісу облысы құрылғаннан бері білім беру инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы уақыт аралығында 26 жаңа білім беру нысаны салынып, 33 нысанға күрделі жөндеу жүргізілді, бейімделген мектептердің саны екі есеге қысқарды. Сонымен қатар педагогтерді жүйелі қолдау және мұғалім мамандығының беделін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Атап айтқанда, Мұғалімдер күніне орай өңірдің 350-ден астам педагогі марапатталды, олардың 9-ы мемлекеттік наградаларға ие болды. Педагогтерді кәсіби мерекесімен облыс әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорған қаласындағы Бикен Римова атындағы академиялық драма театрында өткен салтанатты шарада құттықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Құттықтау сөзінде Бейбіт Исабаев өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен қоғамды дамытуда педагогтердің айрықша рөл атқаратынын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тамыз кеңесінде: «Адамды, оның дүниетанымын өзгерту тек нағыз тәлімгердің қолынан келеді», - деп атап өтті. Қоғамда заң мен тәртіпке, тазалық пен мәдениеттілікке негізделген жаңа этиканы қалыптастыру ісі осы маңызды миссиядан, яғни мектеп қабырғасынан басталады. Балаларымыздың білім алуы ғана емес, тәрбиесі, өмір қиындықтарына дайын болуы және адамгершілік қасиеті де сіздердің жұмыстарыңызға тікелей байланысты. Сондықтан педагогтерді қолдау мен олардың еңбегіне лайықты жағдай жасау – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі, – деген облыс әкімі білім беру инфрақұрылымын дамыту және өңір педагогтерін қолдау шараларына кеңінен тоқталды.

Өзін-өзі жетілдірудегі жетістіктерімен, шығармашылық ізденістерімен, оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістерін тиімді қолдануымен ерекшеленген бірқатар педагогті атап өткен өңір басшысы мұғалімдердің кәсібилігі мен өз ісіне деген адалдығы олардың шәкірттерінің жетістіктері мен табыстарынан көрінетінін айтты. Бұл ретте ауыл мектептері оқушыларының арасында өтетін «Мың бала» олимпиадасында 33 бала жеңімпаз атанса, 14 оқушы еліміздің үздік лицейлерінде тегін білім алуға жолдама алған. Сонымен қатар соңғы 4 жылда өңір оқушылары халықаралық олимпиадалар мен зияткерлік байқауларда 73 жүлделі орынға ие болды, оның 13-і алтын, 28-і күміс және 32-сі қола медаль.

Педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, облыс педагогтерінің 85,5%-ы оқу процесінде жасанды интеллектіні қолдану бағытындағы оқудан өтті. 12 мыңнан астам мұғалім біліктілігін арттырса, 14 мыңнан астам педагог санатына сәйкес лауазымдық жалақысына ай сайынғы үстемеақы алады. Сондай-ақ жыл сайын «Үздік педагог» байқауы ұйымдастырылып, оның қорытындысы бойынша жеңімпаздарға мемлекеттік гранттар табысталады. Сондай-ақ соңғы 4 жылда 1400 жас маманға «Дипломмен - ауылға» бағдарламасымен көтерме ақы, сондай-ақ 554 маманға тұрғын үй сатып алуға жеңілдетілген несие берілді.

- Облыс құрылғаннан бері жан-жақты қолдаудың арқасында өңіріміздің 29 педагогі жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Педагог-шеберлеріміз де ерекше құрметке бөленді. Олардың барлығы Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталды, – деді Б. Исабаев марапатау рәсіміне көшіп.

Осы жиында 8 педагогке жоғары мемлекеттік награлар беріліп, оларға «Құрмет» ордені, 2 «Ерен еңбегі үшін» медалі және 5 «Шапағат» медалі берілді. Тағы 5 педагог «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталды. Еске салсақ, бүгін Астанада Мұғалімдер күніне орай Президенттің қатысуымен өткен салтанатты жиында Талдықорғандағы Мұхтар Арын атындағы № 24 мамандандырылған лицейінің мұғалімі Айман Жантілеуова «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағына ие болған еді.Сондай-ақ өңір басшысы облыстық байқау номинацияларының жеңімпаздарын да марапаттады. Атап айтқанда, «Үздік сынып жетекшісі» аталымында Алакөл ауданы А. Байтұрсынұлы атындағы орта мектептің 8-сынып жетекшісі Мөлдір Түсіпбекова жеңімпаз атанды. «Үздік ауыл мектебі» аталымында Кербұлақ ауданы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп үздік деп танылса, «Үздік балабақша» аталымында Көксу ауданының «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы жеңімпаз атанды. Сарқан ауданы Абай атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Аида Арғынбаева «Жетісу ұстазы» аталымының жеңімпазы болды. Жеңімпаздарға ақшалай сертификаттар табысталды.Салтанатты шараның ресми бөлімі өңірдегі мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің қатысуымен дайындалған мерекелік концертке жалғасты.

- Бүгін мен үшін өте қуанышты күн. Ұстаздар мерекесінде мемлекеттік наградаға ие болып отырмын. Бұл жалғыз менің ғана еңбегім емес, барша ұстаздардың адал қызметінің бағаланғаны деп білемін. Мемлекет басшысы білім саласын дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Сондықтан еліміздің ертеңі болатын жас ұрпақты білімді әрі тәрбиелі етіп өсіруге бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, - деді «Құрмет» орденінің иесі, М. Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейдің директоры Гүлжанар Еспанова.

– Ең алдымен, ұстаз еңбегіне ерекше көңіл бөлініп жатқаны үшін алғыс айтқым келеді. Білім саласында жүргеніме 42 жыл болды. Бүгінгі марапат – тек менің ғана еңбегімнің нәтижесі емес, бұл – бүкіл педагогикалық ұжымымның еңбегі, әріптестерімнің қолдауы, ата-аналардың сенімі және әрине шәкірттерімнің жетістіктерінің жемісі. Барша ұстаздарды бүгінгі мерекемен құттықтаймын, – деді «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған Қаратал ауданы М. Горький атындағы орта мектептің мұғалімі Октябрина Ким.

Оның сөзін тағы бір әріптесі жалғады:

– Менің жұмысым жан-жақты, білімді әрі озық ойлы жас ұрпақты тәрбиелеу екенін мақтан тұтамын. Мұғалім мамандығының қызығы да осында. Барлық бастамаларымызға қолдау көрсетіп келе жатқан мемлекетімізге алғыс айтамын. Түрлі байқауларға қатысып, өзімізді әр қырымыздан көрсетуге мүмкіндік көп. Біз әртүрліміз, бірақ барлығымыз ортақ іске қызмет етіп келеміз. Мерекелеріңізбен, құрметті әріптестер! – деді Текелі қаласындағы №4 орта мектептің «Шебер» санатындағы мұғалімі Наталья Банецкая. Атап өтсек, қазіргі таңда Жетісу облысында 19 мың педагог еңбек етеді. Биылғы оқу жылында Рудничный және Сұптай ауылдарында жаңа мектептер іске қосылды. Ал Республика күні қарсаңында Көксай ауылында жаңа мектеп пен Талдықорған қаласында «Білім-инновация» лицейінің жаңа ғимараты есігін айқара ашады.



Сонымен қатар Қаратал ауданының Үштөбе қаласында, сондай-ақ қайтарылған активтер есебінен Көксу ауданының Балпық би ауылында әрқайсысы 600 орынға арналған мектептер салынуда. Бұдан бөлек, жыл соңына дейін өңір мектептері физика, химия және биология пәндеріне арналған 240 заманауи кабинетпен жабдықталады.

Фотографтар:

Жұмабай Мұсабеков, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖЕТІСУДА ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРГЕ ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК ТОЛЫҚ ӨТЕЛЕДІ: ОБЛЫС ҚҰРЫЛҒАННАН БЕРІ 67 НЫСАН САЛЫНДЫ

Жетісу облысында ветеринариялық қызметтің материалдық-техникалық базасы нығайтылып, инфрақұрылымы дамып, ветеринариялық пункттер мен станциялар желісі кеңейіп келеді. Облыс құрылғаннан бері 66 ветеринариялық пункт пен ветеринариялық станция салынды. Ал биыл тағы 16 ветеринариялық пункт пен 4 ветеринариялық станцияның құрылысы жүргізілуде. Осылайша, жыл соңына дейін өңірдегі ветеринариялық пункттерге деген қажеттілік толық өтеледі, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ветеринария басқармасының мәліметінше, маңызды бағыттардың бірі – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру. Бүгінде өңірдің дерекқорында 2,8 млн-нан астам мал басы тіркелген. Сонымен қатар қазан айының басындағы жағдай бойынша төлдің 872 мыңнан астамы бірдейлендіріліп, дерекқорға енгізілді. Мал басын нақты есепке алу профилактикалық іс-шараларды жоспарлауға, олардың жүргізілуін бақылауға және аурулардың таралу қаупі туындаған жағдайда жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Ветеринариялық қызметтің тағы бір маңызды бағыты – вакцинациялау. Биыл аса қауіпті жұқпалы аурулардың 14 түрі бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізу жоспарланып, оған 11,8 мыңнан астам доза вакцина қарастырылған. Тоғыз айлық жоспардың орындалуы 90%-ды құрады. Осы жұмыс аясында мамандар вакцинациялау, диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізіп, ветеринариялық анықтамалар береді. Сонымен қатар халық арасында жануарларды вакцинациялау мен бірдейлендірудің, ветеринариялық талаптарды сақтаудың маңыздылығы түсіндіріледі.

Аталған жұмыстардың негізгілері - сала инфрақұрылымын дамыту және материалдық-техникалық базасын нығайту.

– Өңір басшысының қолдауының арқасында облыс құрылғаннан бері Жетісуда 66 ветеринариялық пункт пен ветеринариялық станция салынды. Биыл тағы 16 ветеринариялық пункт, 4 ветеринариялық станция және 10 мал қорымының құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін облыстағы ветеринариялық пункттерге деген қажеттілік толық өтеледі. Сонымен қатар ветеринариялық ұйымдарға 83 бірлік арнайы автокөлік, 217 компьютер, 238 планшет және басқа да қажетті жабдықтар берілді. Жалпы, ветеринариялық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мамандардың еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізілді, – деді Жетісу облысының ветеринария басқармасының басшысы Нұрлан Жамаубаев.

Инфрақұрылымды дамытудың нақты нәтижесінің бір көрінісі Ескелді ауданында байқалады. Соңғы жылдары Қарабұлақ, Жалғызағаш, Төленгіт, Сырымбет ауылдарында жаңа ветеринариялық пункттер салынып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар аудандық ветеринариялық станцияға күрделі жөндеу жүргізілді. Бұдан бөлек, Жалғызағаш, Ақын Сара ауылдарында малды топтастыруға арналған қоршау (раскол) орнатылды. Жалпы облыс бойынша малды топтастыру, вакцинациялау және қараусыз малды уақытша ұстау мақсатында 16 қоршаудың құрылысы аяқталды.

Аудандық ветеринариялық станцияның директоры Фарнуш Намысбаевтың айтуынша, ветеринария – ауыл шаруашылығының маңызды бағыттарының бірі.

– Жануарлардың саулығын сақтау, сондай-ақ олардан алынатын шикізат пен өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыс аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ерекше маңызға ие. Біздің аудандық дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарларының 46 мыңға жуық басы тіркелген. Бекітілген жоспарға сәйкес вакцинациялау бойынша профилактикалық іс-шаралар, диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізіліп, жануарлар бірдейлендіріліп, ветеринариялық анықтамалар беріледі, – деді ол.

Жалпы қазіргі таңда Ескелді ауданының барлық ауылдық округі ветеринариялық пункттермен толық қамтамасыз етілген. Мамандарға жаңа автокөліктер беріліп, пункттер жиһазбен және қажетті құрал-жабдықтармен, сондай-ақ вакциналар мен биологиялық препараттарды сақтау және тасымалдауға арналған термоконтейнерлермен жабдықталған.

Бұл туралы мал шаруашылығымен айналысатын Төленгіт ауылының тұрғыны Бақыт Түкібаев пікірін білдірді. Ол жаңа ветеринариялық пункттің ашылуы ауыл өміріндегі елеулі өзгерістердің бірі болғанын айтады.

– Соңғы уақытта ауылымызда бірқатар оң өзгерістер орын алып, жаңа ветеринариялық пункт салынды. Қазір тұрғындарға қызмет көрсетіп жүрген ветеринар дәрігерлердің жұмысына көңіліміз толады. Малдарға қажетті дәрі-дәрмектер уақытылы жеткізіліп, қажетті ветеринариялық іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіледі. Көктемгі және күзгі кезеңдерде жануарларды түрлі ауруларға қарсы вакцинациялау жұмыстары да ұйымдастырылады, – дейді ауыл тұрғыны.Ол инфрақұрылымның дамуы ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне оң әсерін тигізіп отырғанын тілге тиек етті.

– Ауылымызда жаңа нысандардың салынып, қажетті инфрақұрылым мен қызметтердің жолға қойылып жатқаны қуантады. Өйткені ауылдың дамуы мен абаттандырылуы – барлығымыз үшін де игілік.

Бүгінде ауылдағы тіршілік өз ырғағымен жалғасып, мал шаруашылығы да біртіндеп дамып келеді. Әрине, мал басы өссе, шаруашылық дамыса бұл тұрғындардың әл-ауқатына да оң әсер ететіні сөзсіз, – дейді ауыл тұрғыны.

Өңірдегі ветеринариялық қызметті кадрмен қамтуға да ерекше көңіл бөлінген. Облыста мамандықтың мәртебесін арттыруға, тәжірибелі мамандарды сақтап қалуға және жас кадрларды тартуға бағытталған шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

Осылайша, облыс басшылығының тікелей қолдауының арқасында Жетісу облысының ветеринариялық қызметі жүйелі түрде дамып келеді. Мал басы бірдейлендіріліп, вакцинациялау жұмыстары жүргізілуде, мамандардың еңбек жағдайы жақсаруда, заманауи ветеринариялық нысандар салынуда, автокөлік паркі жаңартылып, цифрлық технологиялар енгізілуде. Бұл ретте өңірдегі эпизоотиялық ахуал тұрақты және бақылауда.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ



Талдықорғанда Жетісу облысының аудандары мен қалаларынан 80-ге жуық белсенді әйелдің басын қосқан «Women Leadership Forum – Жетісу» аясындағы ауқымды практикалық конференция өтті. Бір күндік бағдарлама көшбасшылық, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық бағыттарын қамтыды.

7 қазанда Жетісу облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында өткен кездесуге кәсіпкер әйелдер, қоғамдық сала өкілдері, түрлі бастамаларды жүзеге асырып жүрген белсенді азаматшалар мен кәсіби дамуға қызығушылық танытқан қатысушылар жиналды.

Күн тәртібіндегі басты тақырыптардың бірі – көшбасшылық дағдыларын дамыту болды. Жетісу облыстық мәслихатының депутаты, кәсіпкер және қоғам қайраткері Римма Салықова қатысушылармен көшбасшылық тәжірибесімен бөлісіп, жауапкершілік алу, командамен жұмыс істеу, шешім қабылдау және кәсіби ортада өзін дұрыс таныта білу мәселелеріне тоқталды.

Екінші негізгі бағыт қаржылық сауаттылыққа арналды. Қаржы саласының маманы Әлібек Бұханов жеке және кәсіпкерлік қаржыны жоспарлау, кіріс пен шығысты басқару, қаржылық тәуекелдерді бағалау және сауатты шешім қабылдау жолдары бойынша практикалық тренинг өткізді.

Конференция тек дәріс форматымен шектелген жоқ. Бағдарлама барысында панельдік талқылаулар, практикалық тапсырмалар, тәжірибе алмасу және ашық сұрақ-жауап сессиялары ұйымдастырылды. Қатысушылар өздерін толғандырған мәселелерді сарапшылармен тікелей талқылап, нақты кейстер бойынша пікір алмасты.

Кездесуде кәсіпкерлікті дамыту, әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру, құқықтық мүмкіндіктер, қаржылық сауаттылық және жеке даму тақырыптарына да назар аударылды. Әсіресе облыстың әр аймағынан келген қатысушылар үшін жаңа байланыс орнатып, өзара тәжірибе бөлісуге мүмкіндік беретін орта қалыптастыру форумның маңызды бөлігіне айналды.

«Women Leadership Forum – Жетісу» атты конференция Жетісу облысының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық жобасы аясында жүзеге асырылуда. Жобаны «Жоғары жастар кеңесі» ҚБ Жетісу облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы Іскер әйелдер кеңесімен бірлесіп ұйымдастырды.

Бір алаң, 80-ге жуық қатысушы және бірнеше сағаттық тәжірибелік жұмыс – кездесу әйелдердің кәсіби дамуына қажетті жаңа білім алып қана қоймай, өңірдегі белсенді әйелдер арасында іскерлік байланыс орнатуына мүмкіндік берді.

Дара Дана

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМДЫҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін, қоғамның құндылықтарын ішінен ірітетін ең қауіпті кеселдің бірі. Бұл дертпен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттің тұрақтылығы мен әділдікті орнату үшін жемқорлықтың зардабымен күресуден бұрын, оның алдын алу шараларын күшейту аса маңызды.

Жемқорлықтың алдын алудың ең басты құралы – қоғамда оған деген «мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру. Ол үшін келесі бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуі тиіс:

-Құқықтық сауаттылықты арттыру. Азаматтар өз құқықтарын жақсы білген жағдайда, пара беруден де, пара талап етуге көнуден де бас тартады.

-Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру. Адам факторын азайту, яғни мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру парақорлық тәуекелдерін айтарлықтай төмендетеді.

-Ашықтық пен есептілік. Кез келген мемлекеттік органның, әсіресе бюджет қаражатының жұмсалуы халыққа ашық және қолжетімді болуы шарт.

-Тәрбие мен білім. Жемқорлыққа қарсы сананы бала кезден, мектеп қабырғасынан бастап қалыптастыру қажет. Адалдық, ар-ұят, әділдік сияқты құндылықтар білім беру жүйелінің негізіне айналуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам құру – болашақ ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік. Әрбір азамат кез келген заңсыздыққа тосқауыл қойып, әділдікті жақтағанда ғана мемлекетіміздің іргесі берік, болашағы жарқын болады. Жемқорлықпен күресті өзіміздің, өз құқығымызды қорғаудан бастайық.

Ш.Бозов,
Ақын Сара ауылдық округінің әкімі

ҚАРТЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛДІҢ – ҚАЗЫНАСЫ МОЛ



Қазақ халқы ежелден үлкенді сыйлап, қарияны құрметтеуді қасиетті дәстүр санаған. «Қартын сыйлаған елдің – қазынасы мол» деген сөздің астарында терең тәрбие мен үлкен өнеге жатыр. Қариялар – отбасының ғана емес, тұтас елдің берекесі мен рухани тірегі. Сырымбет ауылдық кітапханасында «Қартын сыйлаған елдің – қазынасы мол» атты тағылымды кездесу өтті. Кездесуге ауылдың ақ жаулықты әжелерінен құралған әжелер тобы арнайы қатысып, жас ұрпаққа өздерінің ақыл-кеңестері мен өмірлік тәжірибелерін ортаға салды. Іс-шара барысында әжелер тобы халқымыздың салт-дәстүрі, ұлттық тәрбиесі, отбасы құндылықтары жайында әңгімелеп, кейінгі ұрпаққа өнегелі сөздерін арнады. Ақ жаулықты әжелердің ақ батасы мен жүрекжарды тілектері кездесуге ерекше жылулық сыйлады. Әжелер – шаңырақтың берекесін кіргізіп, ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосып келе жатқан аяулы жандар. Олардың әрбір айтқан сөзі мен өмірлік тәжірибесі – кейінгі буын үшін үлкен мектеп. Ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеп, анадан қызға, әжеден немереге жалғасатын тәрбиенің негізін қалыптастыруда әжелердің орны ерекше. Кездесу барысында қатысушылар үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, отбасындағы сыйластық пен татулық туралы ой бөлісті. Әжелер тобы өздерінің ақыл-кеңестерімен бөлісіп, жастарды үлкенді қадірлеуге, туған жерін сүюге, ұлттық құндылықтарды сақтауға шақырды. «Үлкенге құрмет – кішіге ізет» демекші, қарияларды ардақтау – халқымыздың ежелден келе жатқан асыл дәстүрі. Қарттарын қадірлеген елдің бірлігі бекем, шаңырағы берекелі болады. Кездесу соңында ауылдың әжелер тобына ризашылық білдіріліп, ақ баталары алынды. Осындай тағылымды кездесулер арқылы ұрпақтар сабақтастығы нығайып, ұлттық тәрбиенің маңызы арта түседі. Қариясы бар ел – қазыналы ел. Ақ жаулықты әжелеріміздің өнегелі жолы мен баталы сөзі әрдайым кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек. Қазақ халқы ежелден үлкенді сыйлап, қарияны құрметтеуді қасиетті дәстүр санаған. Қариялар – отбасының ғана емес, тұтас елдің берекесі мен рухани тірегі.

Р.А.Бектуганова Д,.А.Жанталинова
Сырымбет ауылдық кітапханашылары.

ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тұтас бір қоғамда тіршілік етіп отырған соң ондағы қарапайым адамдар белгілі бір әдепке сай қарым-қатынас жасайтыны белгілі. Ал, күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі уәждеріне құлақ асып, олардың мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау басты міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген.

Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтегі және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрыстарының жаңа стандартын түзді. Негізінен мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бос уақыттарында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті. Демек қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын адал, кез-келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны жөн. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірінде де аңдап басып, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны абзал. Олардың күнделікті міндеті қарапайым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек, мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліктілікпен қатар адамгершілік қасиеттер де ауадай қажет. Қалай десекте, мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмір салты тиісті заң талаптарына толық сай болғаны дұрыс. Демек, Әдеп кодексі бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметшінің жеке бет бейнесін көрсететін айна екенін ұмытпауымыз қажет.

Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс, ал қоғам мемлекеттік қызметшіні өз күш-жігерін, білімін және атқарып отырған кәсіби қызметіндегі тәжірбиесін сала отырып, адал өз Отанына – Қазақстан Республикасына қызмет ететіндігіне сенуі қажет.

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Мемлекеттік саясаттың негізгі асымдықтарының бірі мемлекет беделіне нұқсан келтіретін сыбайлас жемқорлық әрекеттермен күресу.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – жарқын болашақтың кепілі. Сондықтан әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресе білуі тиіс. Ол үшін азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыра түсуге басты назар аударылуы тиіс. Әсіресе өсіп келе жатқан жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жиілеп жүргізу қажет. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күрес жүргізе отырып, мемлекет қаражаттарын талан-таражға салуға жол бермеу қажет. Сыбайлас жемқорлықпен бүкіл ел болып бірлесе күресу баршамыздың басты міндетіміз.

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

2026 ЖЫЛЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ

Жер учаскесін алу үшін кезекке қою
-Мерзімі: 12 жұмыс күні
-Құны: Тегін
-Нәтижесі: Арнайы есепке қою туралы хабарлама немесе бас тарту.
-Жеке тұрғын үй құрылысы (ЖТҚ) үшін жер учаскесін алуға кезекке қою (10 соттық).
-Мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін беру (бос жер учаскелерін Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының картасы арқылы таңдау арқылы).
Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту
-Мерзімі: 10 жұмыс күні (тегін, электрондық немесе аралас нысанда).
-Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау.
-Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту.
-Уақытша өтеулі немесе өтеусіз жер пайдалану (жалдау) құқығына актілерді беру.
Маңызды өзгерістер (2026 жыл):
-2026 жылғы 12 шілдеден бастап жер учаскелеріне мемлекеттік актілерді беру қызметі тек электронды түрде eGov.kz порталы арқылы жүзеге асырылады, бұл қызмет түрі ХҚО арқылы көрсетілмейді.
Барлық қызметтер туралы толық ақпарат алу немесе өтініш беру үшін 1414 Бірыңғай байланыс орталығына хабарласуға болады.

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

ЖЕЗТАҢДАЙ АҚЫН БАҚТЫБАЙ ЖОЛБАРЫСҰЛЫ



Жетісу жері – талай дарынды тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті өлке. Солардың бірі – қазақтың суырыпсалма ақындық өнерінде өзіндік орны бар Бақтыбай Жолбарысұлы. Оның есімі халықтың жадында сақталып, шығармашылық мұрасы бүгінгі ұрпаққа рухани қазына болып келеді. Бақтыбай Жолбарысұлы – XIX ғасырда өмір сүрген белгілі ақын, айтыскер әрі жыршы. Ол бала кезінен өлеңжырға құмар болып өсіп, бойындағы табиғи дарынының арқасында ел арасында танылған. Ақынның шығармашылығы халықтың тұрмыс-тіршілігімен, заман тынысымен тығыз байланысты болды. Бақтыбайдың ақындық өнерінің ерекшелігі – оның өлеңдерінде шындықтың, әділдіктің, адамгершілік пен елдік қасиеттердің кеңінен жырлануы. Ол өз шығармалары арқылы халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп, ел ішіндегі өзекті мәселелерді өлеңіне арқау еткен. Ақынның өткір тілі мен тапқырлығы оның айтыстарынан айқын көрінеді.

Бақтыбай Жолбарысұлының өнер жолындағы маңызды белестерінің бірі – Тезек төремен болған айтысы. Бұл сөз сайысы ақынның суырыпсалмалық қабілетін, ой ұшқырлығын және шешендік өнерін танытқан айтулы оқиғалардың бірі саналады. Сонымен қатар ол өз дәуіріндегі басқа да ақындармен айтысып, елге кеңінен танылған.

Ақынның мұрасы – халқымыздың рухани байлығының бір бөлігі. Оның жырларынан сол кезеңдегі ел өмірін, халықтың арман-тілегін, ұлттық дүниетанымын аңғаруға болады. Бақтыбайдың шығармашылығын зерттеу мен насихаттау – ұлттық әдебиетіміздің тарихын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Бақтыбай ауылдық кітапханасында оқырмандарға Бақтыбай ақынның шығармаларын насихаттау барысында танымдық сағаты өтті. Бүгінде Бақтыбай Жолбарысұлының есімі туған өлкесінде ерекше құрметпен аталады. Оның атында елді мекендер мен білім беру орындарының болуы – халықтың өнер иесіне деген құрметінің белгісі. Бұл – кейінгі ұрпаққа туған жерден шыққан тарихи тұлғаларды танып-білуге берілген үлкен мүмкіндік. Өзінің өнерімен ел жүрегінен орын алған Бақтыбай Жолбарысұлының есімі мен мұрасы уақыт өткен сайын жаңғырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек. Өйткені елін жырлаған ақынның өнегелі жолы – халықтың рухани тарихының ажырамас бөлігі.

Г.Азамбаева.
Бақтыбай ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫР ТОҒЫСҚАН «ТАҒДЫР»



Қабдеш Жұмаділов – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті қаламгер. Оның шығармалары ел тарихын, ұлттық болмысты, халықтың тағдырын терең суреттеуімен ерекшеленеді. Жазушының туындылары оқырманды өткен тарихқа жетелеп, ұлттың рухын сезінуге мүмкіндік береді.

«Тағдыр» романы – тарихи кезеңнің шынайы көрінісін бейнелейтін көлемді шығарма. Романда қазақ халқының өмірі, ел тағдыры, туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық рух пен азаттық идеясы кеңінен суреттелген. Шығарма тарихи деректер мен көркем әдебиетті шебер ұштастыруымен құнды. Қабдеш Жұмаділовтің басқа да шығармалары, жазушы туралы естеліктер мен зерттеу кітаптары ұсынылған.

Бұл әдебиеттер қаламгердің шығармашылық әлемімен тереңірек танысуға мүмкіндік береді. Жалғызағаш ауылдық кітапханасының кітапханашылары оқырмандарды «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында таңдалған шығармамен таныстыру барысында, Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығын насихаттау, тарихи романға деген қызығушылықтарын арттыру және кітап оқуға баулу мақсатында оқырмандармен пікір алмасу өткізілді. Кітап оқу – өткенді тануды, бүгінді түсінудің және болашақты бағамдаудың ең тиімді жолдарының бірі.

Тарихи романдар арқылы біз халқымыздың басынан өткен кезеңдерді танып, ұлттық құндылықтардың мәнін тереңірек түсінеміз. Әр оқырманымызды көрмеге қойылған кітаптармен таныстырып, «Тағдыр» романын оқуға шақырамыз. Бұл шығарма әрбір оқырманға терең ой салып, ел тарихына деген қызығушылығын арттырары сөзсіз. Қорытындылай келе, «Бір ел – бір кітап» акциясы – кітап оқуды дәріптейтін, ұлттық әдебиетті насихаттайтын маңызды жоба. Ал «Тағдыр» романы – ұлт тарихы мен рухын таныстатын құнды мұра.

Сыдыкова Гулмира,
Жалғызағаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы

КІТАПХАНАҒА ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН АРДАГЕР



1 қазан – Қарттар күні өмір жолы өнегеге толы аға буынға тағзым етіп, олардың ерен еңбегін бағалайтын ерекше күн. Осы айтулы мереке қарсаңында кітапхана саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, талай оқырманның рухани әлеміне жол ашқан ардагер кітапханашы Тлеунбердина Галия Закеновнаға арнайы барып, мерекелік құттықтауымызды жеткіздік.

Кітапханашы болу – кітапты реттеп, оқырманға ұсынумен ғана шектелмейтін үлкен жауапкершілік. Ол адам жанына рухани азық сыйлау, жас ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту, білімге бастар жолды көрсету. Галия Закеновна да осы қасиетті міндетті абыроймен атқарып, кітапхана саласына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Жылдар жылжып, заман өзгерсе де, кітапқа деген сүйіспеншілік пен оқырманға деген ізгі ниет өзгермейді. Өмір жолы – мамандыққа адалдықтың, маңдай термен еңбек етудің және туған жерге қызмет етудің жарқын үлгісі.

Тлеунбердина Галия Закеновна 1957 жылдың 15 сәуірінде Семей облысы, Абай ауданындағы Мұхтар Әуезов ауылында дүниеге келген. Балалық шағы мен жастық кезеңі қазақтың рухани мәдениеті мен әдебиетінің ірі тұлғасы Мұхтар Әуезовтің туған өлкесінде өтті.

1974 жылы білім іздеп Алматы қаласына оқуға түседі. Ал 1979 жылы тағдыр жолы оны Көкжазық ауылымен байланыстырады. Отбасын құрып, осы ауылға арнайы жолдамамен келіп, еңбек жолын туған елінің игілігіне арнайды.

Кітапхана саласындағы кәсіби білімін жетілдіру мақсатында 1986–1989 жылдары Семей қаласындағы Абай атындағы оқу-ағарту училищесінде білім алып, кітапханашы мамандығын меңгеріп шығады. Осылайша кітап пен оқырман арасындағы алтын көпірге айналған мамандықты жүрек қалауымен таңдаған.

Бүгінде ардагер кітапханашы жолдасы Жақсылық ағамен бірге бейнетінің зейнетін көріп отырған бақытты жандардың қатарында. Екеуі де зейнеткерлік демалыста. Үш қыз тәрбиелеп өсіріп, оқытып, жеткізіп бүгінде үш немеренің сүйікті ата-әжесі атанып отыр. Ұрпағының қызығын көріп, бала-шағасының ортасында абыройлы ғұмыр кешуде.

Қарттар күніне орай өткен жылы жүздесуде ардагердің еңбек жолы еске алынып, ізгі тілектер айтылды. Біз үшін мұндай кездесу – жай ғана мерекелік құттықтау емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғап, өткеннің өнегесін бүгінгі буынға жеткізетін тағылымды сәт.

Қазақта «Қариясы бар елдің – қазынасы бар» деген қанатты сөз бар. Расында, аға буынның өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі, айтқан сөзі – ақыл, көргені – сабақ. Ардагер кітапханашы Галия Закеновнаға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығын тілейміз. Еңбегінің жемісін көріп, ұрпағының қызығына бөленіп, әрдайым ел-жұртының құрметіне бөлене берсін!

Ардагерге құрмет – өткенге тағзым, келешекке өнеге!

Айжан Нүсіп,
Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Нашақорлық – қазіргі қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі. Есірткі заттарын қолдану адам денсаулығына зиян келтіріп қана қоймай, оның өміріне, отбасына және қоршаған ортасына кері әсерін тигізеді. Сондықтан нашақорлықтың алдын алу және есірткі заттарының заңсыз айналымына жол бермеу – қоғамның ортақ міндеті.

Алдабергенов ауылдық округінде нашақорлықтың алдын алу және есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы күрес бағытында тұрақты түрде профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындарға есірткі заттарын қолданудың зияны, оның салдары және заңнамада көзделген жауапкершілік туралы түсіндіріледі.

Әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортпен айналысуға, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға және зиянды әдеттерден аулақ болуға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде есірткі заттарын насихаттайтын және заңсыз айналымына тартуға бағытталған ақпараттардың таралуының алдын алу да маңызды. Осыған байланысты тұрғындарға күмәнді ақпараттарға назар аударып, заңсыз контентке тап болған жағдайда тиісті органдарға хабарлау қажеттігі түсіндіріледі.

Нашақорлықпен күрес тек белгілі бір мекемелердің ғана жұмысы емес. Бұл – ата-ана, мектеп, жастар, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп атқаратын маңызды міндет.

Нашақорлыққа немқұрайлы қарамайық! Жастарымыздың болашағын бірге қорғайық. Салауатты өмір салтын таңдап, есірткіге жол бермейік!

Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты

ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Тіл мен мәдениет – бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Тіл – ұлттың ойлау жүйесі мен дүниетанымын танытса, мәдениет – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық құндылықтарының жиынтығы.Әр халықтың тарихы мен болмысы оның тілінен көрінеді. Тілдің сөздік қоры, мақал-мәтелдері, тұрақты тіркестері мен теңеулерінің астарында халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен дүниеге көзқарасы жатыр. Мәселен, қазақ халқының көшпелі өмір салтына байланысты төрт түлікке, табиғатқа, жер мен суға қатысты сөздердің мол болуы – ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісі.Мәдениет ұрпақтан ұрпаққа ең алдымен тіл арқылы беріледі. Атаның батасы, әженің ертегісі, ананың әлдиі, халықтың мақал-мәтелі мен аңыз-әңгімелері – барлығы да ұлттың рухани қазынасын кейінгі буынға жеткізеді.«Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерін жоғары бағалаған қазақ халқы тіл мәдениетіне де ерекше мән берген. Үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, сәлемдесу, сөзге тоқтау, бата алу сияқты ұлттық тәрбиенің көптеген үлгілері тіл арқылы қалыптасып, бүгінгі күнге жетті.

Сондықтан ана тілін сақтау – тек қарым-қатынас құралын сақтау емес, ұлттық тарихи жадымызды, салт-дәстүрімізді және рухани болмысымызды қорғау.

Тіл мәдениетті қалыптастырса, мәдениет те тілдің дамуына әсер етеді. Қоғам өзгерген сайын тілге жаңа сөздер мен ұғымдар енеді. Ғылым мен технологияның, өнер мен білімнің дамуы тілдің сөздік қорын толықтырып отырады.Бұл – тілдің өміршеңдігінің белгісі. Ана тілі заман талабына бейімделіп, жаңа ұғымдарды қабылдай отырып, өзінің ұлттық ерекшелігін сақтауы керек.

Сөйлеу мәдениеті де халықтың жалпы мәдениетінің маңызды көрсеткіші. Адамның өз ойын дұрыс жеткізуі, әдепті сөйлеуі, үлкенді сыйлауы және сөзді орынды қолдануы – тәрбиенің көрінісі.

Қазіргі таңда әлем біртұтас ақпараттық кеңістікке айналды. Интернет пен әлеуметтік желілер халықтарды жақындастырып, түрлі мәдениеттермен танысуға мүмкіндік берді.

Алайда жаһандану жағдайында ұлттық тіл мен мәдениетті сақтаудың маңызы арта түсуде. Өзге мәдениеттерді құрметтей отырып, өз ұлттық болмысымызды жоғалтпауымыз қажет.

Бұл ретте жастардың рөлі ерекше. Ана тілінде кітап оқу, қазақша сапалы контент жасау, ұлттық өнерді дәріптеу, салт-дәстүрді құрметтеу – тіл мен мәдениетті сақтаудың нақты жолдары.

Ана тілін құрметтеу отбасынан басталады. Бала үйінде қазақша сөйлеп, ұлттық салт-дәстүрді көріп өссе, оның ұлттық санасы да қалыптасады.Сондықтан ата-ана баламен ана тілінде сөйлесіп, кітап оқып, халқымыздың тарихы мен дәстүрін түсіндіріп отырғаны жөн. Мектеп пен балабақша да бұл бағыттағы тәрбиені жалғастырып, жас ұрпақтың тілге деген құрметін арттыруы қажет.Тіл мен мәдениет – ұлттың қос қанаты. Тіл мәдениетті сақтаса, мәдениет тілдің мазмұнын байытады. Екеуі қатар дамыған кезде ғана ұлттық болмысымыз берік болады.Ана тілін сақтау – ата-бабадан қалған аманатты сақтау. Ұлттық мәдениетті дәріптеу – өз тарихыңды құрметтеу.Тілі мықты елдің рухы мықты. Мәдениеті берік халықтың болашағы да баянды.

Сондықтан ана тілімізді ардақтап, ұлттық мәдениетімізді құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ міндет.

КАК В КАЗАХСТАНЕ СДЕЛАТЬ ЭКО БЕСПЛАТНО ПО ОСМС: ПРОСТЫМИ СЛОВАМИ О ВАЖНОМ

Многие семьи сталкиваются с проблемой бесплодия. Стоимость ЭКО и само обследование в частных клиниках не каждой семье по карману. В системе обязательного социального медицинского страхования (ОСМС) граждане имеют возможность пройти обследование и лечение по бесплодию по статусу «Застрахован».

Мы разобрали эту тему с экспертом здравоохранения филиала по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования» Индирой Алтынкановной Стамбековой. Как и кому доступна такая помощь?

С чего начать? Какие обследования нужно пройти? Можно ли выбрать клинику? За что придется платить, а за что — нет? И что делать, если возникли проблемы?

Действительно ли ЭКО можно сделать бесплатно?

— Действительно ли ЭКО можно сделать бесплатно?

— Да, такая возможность стала доступной в страховой медицине. Право на лечение бесплодия с помощью вспомогательных репродуктивных технологий (ВРТ) закреплено в законодательстве, в статье 146 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения».

Но важно понимать: бесплатное ЭКО — это не услуга, которую получают все желающие без предварительного обследования. Человек должен иметь право на медицинскую помощь в рамках ОСМС, иметь медицинские показания и соответствовать установленным требованиям.

С чего начать и как проверить статус ОСМС?

— С чего начать семейным парам, которые хотят воспользоваться этой возможностью?

— Самое главное — не нужно сразу идти в частную клинику и самостоятельно оплачивать дорогостоящие обследования. Первым делом необходимо обратиться в медицинскую организацию по месту прикрепления.

Медицинский работник соответствующего профиля проведет необходимое обследование, выяснит причину бесплодия и определит, какое лечение необходимо. Перед этим желательно проверить свой статус в системе ОСМС.

— А если человек сейчас не застрахован?

— Тогда сначала нужно разобраться со статусом ОСМС, как мужчине, так и женщине.

Если человек не имеет статуса застрахованного, он не сможет получить медицинскую помощь, которая финансируется именно в системе ОСМС, на условиях этой программы. Поэтому нужно выяснить причину отсутствия статуса и узнать, что необходимо сделать для его получения или восстановления.

При этом отсутствие ОСМС не означает, что человек вообще не может обратиться за медицинской помощью. Просто существует разница между медицинской помощью, которая предоставляется бесплатно в гарантированном объеме, и услугами, которые оплачиваются через систему ОСМС.

Кому доступно ЭКО и какие нужны обследования?

— Кому может быть предоставлено бесплатное ЭКО?

— В первую очередь необходимо обратиться в кабинет планирования семьи своей поликлиники и начать обследование, подтвердить проблему с наступлением беременности. Доктор оценивает состояние репродуктивного здоровья женщины. Будут проведены анализ овариального резерва — запас яйцеклеток и возможность яичников ответить на лечение.

Для этого оцениваются несколько показателей:

-уровень антимюллерова гормона — АМГ;

-уровень фолликулостимулирующего гормона — ФСГ;

-количество антральных фолликулов по данным УЗИ.

Для оценки овариального резерва учитывается не один показатель, а их совокупность. При установленных правилами критериях достаточно соответствия не всем показателям одновременно, а необходимому количеству из них.

Далее доктор учитывает причину бесплодия, состояние здоровья женщины и мужчины и другие медицинские обстоятельства.

— В интернете часто пишут: «ЭКО по ОСМС дают только до 42 лет». Так ли это?

— При решении вопроса о ВРТ доктор оценивает состояние репродуктивного здоровья и соответствие установленным медицинским требованиям. Возраст является одним из важных факторов, но определить право на лечение только по возрасту нельзя.

Поэтому советую не ориентироваться на информацию из старых публикаций, а обратиться к врачу и узнать, соответствует ли конкретная ситуация действующим требованиям.

— Обследовать нужно только женщину?

— Нет. Причина бесплодия может быть связана с женщиной, с мужчиной или с обоими партнерами. Поэтому обследование необходимо проходить обоим.

Мужчине также могут назначить необходимые исследования, в том числе анализ спермы и другие обследования в зависимости от ситуации. Нельзя считать, что ЭКО — это только женская проблема.

— Какие обследования нужно пройти перед ЭКО?

— Все зависит от конкретной ситуации. Женщине могут назначить гормональные исследования, УЗИ и другие обследования для оценки репродуктивного здоровья. Мужчине — исследования для оценки качества спермы и другие необходимые процедуры.

Не советую самостоятельно покупать и сдавать десятки анализов по спискам из интернета. Часть из них может вообще не понадобиться. Лучше сначала прийти к доктору и получить индивидуальный список необходимых исследований.

— Нужно ли сначала несколько лет лечиться, а потом уже думать об ЭКО?

— Нет единого правила, по которому каждая пара должна обязательно несколько лет проходить лечение и только после этого обращаться к ЭКО.

Все зависит от причины бесплодия, возраста, состояния здоровья и результатов обследования. Одним парам могут предложить другие методы лечения, а в других случаях может быть рекомендовано раньше.

Справочно: ВРТ (вспомогательные репродуктивные технологии) — это собирательное понятие, объединяющее все медицинские методы и лабораторные технологии лечения бесплодия, при которых зачатие или раннее развитие эмбрионов происходит вне материнского организма (в условиях лаборатории).

Главное — не терять время и не заниматься самолечением.

Выбор клиники, доктора и дополнительные услуги

— Что происходит после обследования?

— Если по результатам обследования есть основания для проведения ВРТ, медицинская организация готовит необходимые документы, затем вопрос рассматривается специальной комиссией. Она проверяет медицинские показания и соответствие установленным требованиям.При положительном решении пациент получает возможность пройти процедуру в выбранной медицинской организации.

— Можно ли самому выбрать клинику?

— Да. Это один из важных моментов. Пациент может выбрать медицинскую организацию, которая оказывает соответствующую помощь в рамках ОСМС. То есть не обязательно делать ЭКО именно в той организации, где человек проходил первоначальное обследование.

— А можно выбрать частную клинику?

— Да, если эта медицинская организация участвует в системе ОСМС и оказывает соответствующую помощь за счет страховых взносов. Поэтому при выборе клиники нужно обязательно уточнить, работает ли она по ОСМС именно по направлению ВРТ.

— Можно ли выбрать конкретного доктора?

— Возможность выбора врача зависит от организации работы выбранной клиники. Поэтому после выбора медицинской организации пациент может уточнить, кто будет его лечащим врачом и можно ли выбрать специалиста.

— А ИКСИ оплачивается по ОСМС? (ИКСИ — специальный метод оплодотворения, при котором один сперматозоид вводится непосредственно в яйцеклетку).

— Да, метод ИКСИ может применяться в рамках программы. Но это не означает, что ИКСИ необходимо каждой паре. Его применение определяется врачом с учетом медицинских показаний.

— Сколько попыток ЭКО можно сделать бесплатно?

— Условия финансирования и порядок предоставления медицинской помощи необходимо уточнять по действующим на момент обращения правилам. Поэтому пациенту следует спросить у медицинской организации, какие условия действуют именно сейчас и какой объем помощи предусмотрен в его конкретной ситуации.

— Может ли клиника попросить пациента заплатить?

— Если услуга входит в предусмотренный программой ОСМС объем медицинской помощи, пациент не должен оплачивать ее самостоятельно, но при этом необходимо уточнить о дополнительных услугах (процедурах, анализах). Поэтому перед началом лечения стоит спросить: «Что в моем случае оплачивается ОСМС, а за что мне придется платить отдельно?». Это простой вопрос, который поможет избежать недопонимания.

— А если пациенту предлагают дополнительные платные услуги?

— Нужно спокойно выяснить, что именно предлагают и зачем это необходимо. Пациент имеет право спросить, является ли услуга обязательной частью лечения или дополнительной, входит ли она в программу ОСМС и сколько она стоит, если оплачивается отдельно. Не следует соглашаться на дополнительные расходы, не понимая, за что именно человек платит.

Что делать при возникновении трудностей?

— Что делать, если выбранная клиника говорит: «По ОСМС мест нет»?

— Нужно уточнить, что именно имеется в виду. Например, речь может идти об отсутствии свободного объема медицинской помощи на данный момент.

Пациент может узнать, есть ли возможность выбрать другую медицинскую организацию, которая также оказывает такую помощь по ОСМС.

Если человек не получает понятного ответа, он может обратиться в службу поддержки пациентов медицинской организации, в органы здравоохранения или в Фонд социального медицинского страхования за разъяснением.

— А если в поликлинике человеку просто говорят: «Вам ЭКО не положено»?

— Нужно попросить объяснить причину. Человек должен понимать, какой именно критерий не соблюден и почему принято такое решение. Можно уточнить, требуется ли дополнительное обследование, возможно ли повторное рассмотрение вопроса и какие документы для этого нужны.

Если получить разъяснение на уровне медицинской организации не удается, пациент может обратиться за консультацией в соответствующие органы здравоохранения или Фонд социального медицинского страхования.

— Что делать, если человек хочет не ждать и готов оплатить ЭКО самостоятельно?

— Такой вариант тоже существует. Лечение за собственные средства и лечение в рамках ОСМС — это два разных пути.Человек может обратиться в медицинскую организацию на платной основе. Но если он хочет воспользоваться именно страховым финансированием, необходимо пройти установленный порядок обследования и оформления.

— Что вы посоветуете семье, которая только столкнулась с проблемой бесплодия?

— Не откладывать обращение к врачу и не пытаться самостоятельно ставить диагноз. Не нужно сразу покупать дорогостоящие препараты или проходить многочисленные обследования без назначения специалиста.

Начните с поликлиники по месту прикрепления, пройдите необходимую диагностику и узнайте, какие варианты лечения доступны именно вашей семье.

И обязательно задавайте вопросы. Пациент имеет право знать, какое лечение ему предлагают, почему оно необходимо, что входит в программу ОСМС и за какие услуги может потребоваться дополнительная оплата.

ПАМЯТКА: ЧТО ДЕЛАТЬ, ЕСЛИ ВЫ ХОТИТЕ ЭКО ПО ОСМС

1.Проверьте статус ОСМС.

2.Обратитесь в медицинскую организацию по месту прикрепления.

3.Пройдите необходимое обследование — женщине и мужчине.

4.Получите заключение врача и подготовьте необходимые документы.

5.Дождитесь рассмотрения вопроса специальной комиссией.

6.При положительном решении выберите медицинскую организацию, которая оказывает ВРТ по ОСМС.

7.Оформите необходимое направление.

8.Перед началом лечения уточните в клинике, что входит в программу ОСМС, а какие услуги могут быть дополнительными.

Д.Дауренқызы

ТАЗА АУДАН – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ескелді ауданында «Антиграффити» профилактикалық акциясы өтті

Ескелді ауданында қоғамдық орындардың тазалығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау және қоғамдық мүлікті бүлдірудің алдын алу мақсатында «Антиграффити» профилактикалық акциясы ұйымдастырылды.

Іс-шара Ескелді аудандық полиция бөлімімен бірлесе отырып өткізіліп, аудан аумағындағы қоғамдық орындарда, ғимараттардың қабырғаларында және басқа да нысандарда заңсыз граффити жазбаларының алдын алуға бағытталды.

Акцияның негізгі мақсаты – тұрғындар арасында қоғамдық тәртіп пен тазалықты сақтау мәдениетін қалыптастыру, ортақ мүлікке ұқыпты қарауға шақыру және жастарға граффитидің заңсыз түрінің салдарын түсіндіру.

Қоғамдық мүлік – баршамызға ортақ

Қоғамдық орындар – аудан тұрғындарының барлығына ортақ кеңістік. Көшелер, аялдамалар, саябақтар, аулалар, ғимараттар мен түрлі нысандардың тазалығы мен көркі сол аумақта тұратын халықтың мәдениеті мен жауапкершілігін көрсетеді.

Өкінішке қарай, кей жағдайда ғимараттардың қабырғаларына, қоршауларға, аялдамаларға және басқа да қоғамдық нысандарға түрлі жазбалар мен суреттердің салынатыны кездеседі.

Шығармашылық мақсатта салынған көркем сурет пен қоғамдық мүлікті рұқсатсыз бүлдірудің ара-жігін ажырата білу маңызды. Арнайы белгіленбеген орындарға жазу немесе сурет салу нысанның сыртқы көрінісін бұзып қана қоймай, оны қалпына келтіруге қосымша қаражат пен еңбек жұмсауды талап етеді.

Сондықтан қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау – әр азаматтың міндеті.

Граффити – жауапкершіліксіз әрекет емес

Кей жастар қабырғаға жазу немесе сурет салуды жай ғана қызығушылық деп қабылдауы мүмкін. Алайда мұндай әрекеттің заңмен белгіленген жауапкершілікке әкелуі ықтимал екенін әркім білуі қажет.

Рұқсатсыз граффити салу, ғимараттар мен басқа да қоғамдық мүлікті бүлдіру құқықтық салдарға әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты «Антиграффити» акциясы барысында тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қоғамдық орындарды бүлдіруге жол бермеу қажеттігі айтылды.

Заң талаптарын білу және оны сақтау – әр азаматтың жауапкершілігі.

Тазалық – мәдениеттің белгісі

Ауданның тазалығы тек коммуналдық қызметтердің жұмысына байланысты емес. Оның көркіне әр тұрғынның қосқан үлесі бар.

Қоқысты белгіленбеген жерге тастамау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу, қабырғаларға заңсыз жазу жазбау, абаттандырылған аумақтарды таза ұстау – қарапайым талаптар болғанымен, олардың маңызы зор.

Таза әрі көрікті көшелер адамдардың көңіл-күйіне де оң әсер етеді. Әсем әрі ұқыпты орта қалыптастыру үшін барша тұрғын ортақ жауапкершілікті сезінуі қажет.

Таза аудан – ең алдымен, таза мәдениеттің көрінісі.

Жастарға дұрыс бағыт қажет

«Антиграффити» акциясы барысында жастармен профилактикалық түсіндіру жұмыстарына да ерекше мән берілді.

Жасөспірімдердің шығармашылыққа қызығушылығын дұрыс бағыттау – маңызды міндет. Егер жас адамның сурет салуға, графикаға немесе өнерге қызығушылығы болса, оған заңсыз әрекетке бармай, өз қабілетін арнайы шығармашылық алаңдарда жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет.

Қоғамда жастардың шығармашылық қабілетін қолдайтын, спортпен, мәдениетпен және өнермен айналысуына жағдай жасайтын орта қалыптасуы керек.

Ата-аналар мен ұстаздардың да бұл бағыттағы түсіндіру жұмыстары маңызды. Балаларға қоғамдық мүлікке зиян келтірудің дұрыс емес екенін түсіндіріп, заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу қажет.

«Антиграффити» – алдын алу шарасы

Мұндай акциялардың басты мақсаты – біреуді жазалау ғана емес, ең алдымен құқық бұзушылықтың алдын алу.

Тұрғындарға граффитидің заңсыз түріне жол бермеу, қоғамдық мүлікті қорғау және тазалықты сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу – профилактиканың тиімді жолдарының бірі.

Әр азамат өз ауласын, көшесін, елді мекенін таза ұстауға үлес қоса алады. Егер қоғамдық нысандарға бүлдіру әрекеті жасалып жатқанын байқасақ, оған немқұрайлы қарамай, тиісті органдарға хабарлау да – азаматтық жауапкершіліктің бір көрінісі.

Көрікті Ескелді – баршамызға ортақ

Ескелді ауданы – табиғаты көркем, елді мекендері жылдан жылға абаттанып келе жатқан аймақ. Оның тазалығы мен көркін сақтау – аудан тұрғындарының ортақ міндеті.

Бір адамның ұқыптылығы екінші адамға үлгі болады. Ал әр тұрғын тазалыққа жауапкершілікпен қараса, ауданымыздың көркі де арта түседі.

Сондықтан қоғамдық орындарда тазалықты сақтап, ортақ мүлікке құрметпен қарайық.

Қабырғаға жазу емес, жақсы ісімізбен із қалдырайық!

«Антиграффити» акциясы – қоғамдық тәртіпті сақтау мен ауданның көркін қорғауға бағытталған маңызды профилактикалық шара.

Барша аудан тұрғындарын қоғамдық орындардың тазалығы мен көркін бірге сақтауға, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарауға және заң талаптарын құрметтеуге шақырамыз.

Таза көше – таза ойдың көрінісі.

Таза аудан – ортақ еңбектің нәтижесі.

Қоғамдық мүлік – баршамыздың ортақ қазынамыз!

ҰСТАЗ ДЕГЕН – ЖАРЫҚ КҮНІ ҒАЛАМНЫҢ





Ұстаз – ұрпақ жүрегіне білімнің шырағын жағып, адамдықтың асыл қасиеттерін бойына сіңіретін, ел болашағын қалыптастыратын ұлы тұлға. Оның еңбегі – уақытпен өлшенбейтін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәңгілік мұра.

Әлемнің жарығы күн болса, адамның өмір жолын нұрландыратын жарықтың бірі – ұстаз. Ұстаздың берген білімі, айтқан ақылы, көрсеткен өнегесі шәкірт жүрегінде жылдар бойы сақталып, өмірдің талай белесінде жол көрсетіп отырады. Сондықтан да «Ұстаз деген – жарық күні ғаламның» деген тағылымды сөздің астарында үлкен мән бар.

Мұғалім – тек сабақ беретін маман емес. Ол – бала жүрегіне жол табатын тәрбиеші, жас ұрпақтың арманын қанаттандыратын бағыт-бағдар беруші, қоғамның ертеңін қалыптастыратын тұлға. Ұстаздың алдында отырған әр баланың бойында үлкен арман, талай мүмкіндік, ашылмаған қабілет бар. Сол қабілетті байқап, дұрыс бағыттау, білімге деген қызығушылығын арттыру – мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен жүрек жылуын талап етеді.

Осы орайда Ескелді ауданында Мұғалімдер күніне арналған аудандық мерекелік шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, білім саласының қызметкерлеріне ерекше құрмет көрсетілді. Салтанатты кеш ұстаз еңбегін ұлықтап, ардагер педагогтерге тағзым етіп, жас ұрпақтың өз ұстаздарына деген шынайы ықыласын жеткізген мазмұнды шараға айналды.

Ұстаз еңбегі – ұрпаққа қалдырған өшпес із

Мерекелік шара барысында Ескелді ауданының әкімі Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы білім беру саласында еселі еңбек етіп жүрген педагогтерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, ұстаз еңбегінің қоғамдағы маңызына тоқталды.

Аудан әкімі өз сөзінде білім мен тәрбиенің ел болашағын қалыптастырудағы айрықша рөлін атап өтіп, ұстаздардың жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еңбегіне ризашылығын білдірді. Сонымен қатар білім саласының үздік қызметкерлеріне еңбектері үшін алғыс айтып, марапаттарын табыстады.

Ескелді ауданындағы білім беру саласында талай жылдан бері қажырлы еңбек етіп келе жатқан ұстаздар аз емес. Олардың әрқайсысының өзіндік еңбек жолы, шәкірттерге берген тәлімі, білім мен тәрбиеге қосқан үлесі бар.

Ұстаздық жол – сырт көзге қарапайым көрінгенімен, үлкен жауапкершілікті талап ететін қасиетті жол. Таңертең мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап мұғалімнің алдында ондаған баланың тағдыры, білімі мен тәрбиесі тұрады. Бірінің мінезі тұйық, енді бірінің қабілеті ерекше, тағы бірі қолдауды қажет етеді. Осындай әртүрлі баланың жүрегіне жол табу – ұстаздың үлкен шеберлігін көрсетеді.

Ұстаз шәкіртке тек оқулықтағы білімді үйретпейді. Ол баланы ізденуге, ойлануға, еңбек етуге, өз пікірін ашық айтуға, қиындыққа мойымауға тәрбиелейді. Ең бастысы – адам болуға үйретеді.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі дәрігер, инженер, ғалым, кәсіпкер, ұстаз, мемлекет қызметкері немесе елдің басқа да саласында еңбек ететін азамат. Олардың әрқайсысының жетістігінің бастауында мектеп, ал мектептің жүрегінде ұстаз тұр.

Сондықтан ұстаз еңбегінің нәтижесін бір күнмен немесе бір жылмен өлшеу мүмкін емес. Оның еңбегінің шынайы жемісі жылдар өткен соң, шәкіртінің азамат болып қалыптасуымен көрінеді.

Ардагер ұстаз – кейінгіге жол көрсеткен шамшырақ

Мерекелік шара барысында саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған ардагер ұстаздарға ерекше құрмет көрсетілді.

Ардагер ұстаздар – білім саласының алтын қазығы. Олар талай буын шәкіртті тәрбиелеп, талай жас маманға бағыт-бағдар беріп, педагогикалық дәстүрдің қалыптасуына өз үлестерін қосты.

Кеше ғана мектеп қабырғасында бала оқытып жүрген ұстаздар бүгінде шәкірттерінің жетістігіне сырттай сүйсініп, кейінгі буынның еңбегіне ақ батасын беріп келеді. Олардың әрқайсысының артында мыңдаған сабақ, жүздеген шәкірт, сансыз естелік пен тағылымды еңбек жатыр.

Ардагер педагогтердің өмір жолы – жас мұғалімдер үшін үлкен мектеп. Олардың ұстаздық ұстанымы, балаға деген мейірімі, мамандыққа деген адалдығы кейінгі ұрпаққа үлгі.

Мерекелік кеште ардагер ұстаздарға жылы лебіздер айтылып, еңбектері ерекше аталып өтті. Бұл – ұстаздық жолда жылдар бойы еңбек еткен аға буынға деген құрметтің жарқын көрінісі.

Үздік ұстаздарға – лайықты марапат

Салтанатты шара барысында білім беру саласында табанды еңбек етіп, ауданның білім беру жүйесінің дамуына, жас ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне елеулі үлес қосып жүрген бірқатар педагог марапатталды.

Ескелді ауданының әкімі Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы ұстаздарға Алғыс хаттар мен мадақтамалар, сондай-ақ аудан әкімінің марапаттарын табыстады.

Марапат – еңбектің өлшемі емес, бірақ еңбекті бағалаудың бір белгісі. Ұстаз үшін мұндай құрметтің орны бөлек. Өйткені күнделікті еңбегінің еленіп, қоғам тарапынан бағалануы – кез келген педагогке жаңа серпін береді.

Білім беру саласында еңбек етіп жүрген әрбір мұғалімнің өз жетістігі бар. Бірі оқушысын олимпиадаға дайындап, биіктен көрінсе, енді бірі шығармашылыққа бейімі бар шәкіртін қолдап, оның талантын ашуға көмектеседі. Тағы бірі өмірде қиындық көрген баланың жанынан табылып, оған сенім сыйлайды.

Осының бәрі – ұстаз еңбегінің көрінісі.

Шәкірт жүрегіндегі ұстаз бейнесі

Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс – ерекше байланыс. Мұғалімнің бір ауыз сөзі кейде баланың бүкіл өміріне әсер етуі мүмкін.

«Сенің қолыңнан келеді!» деген қарапайым сөздің өзі балаға қанат бітіреді. «Сен таланттысың» деген сенім оның өзіне деген көзқарасын өзгертеді. Ал ұстаздың уақыт бөліп, тыңдап, түсініп, қолдау көрсетуі баланың жүрегінде мәңгі сақталады.

Сондықтан да жылдар өте келе адам мектепті, сыныптастарын, балалық шағын сағынғанда, ең алдымен ұстаздарын еске алады.

Бүгін елдің әр түкпірінде абыройлы қызмет атқарып жүрген азаматтардың арасында өз ұстазын ерекше құрметтейтін жандар көп. Себебі ұстаздың берген білімі ұмытылуы мүмкін, бірақ оның адамға деген сенімі мен мейірімі ешқашан ұмытылмайды.

Мерекелік кеш – шәкірттердің ұстазға тартуы

Ескелді ауданында өткен мерекелік шараның көркін балабақша бүлдіршіндері мен мектеп оқушыларының өнері аша түсті.

Балғындар ән айтып, би билеп, ұстаздарға деген ақ тілектерін жеткізді. Әрбір өнер көрсетілімінен бала жүрегіндегі шынайы ықылас сезіліп тұрды.

Ұстаз үшін шәкіртінің сахнаға шығып, өзіне арнап ән айтуы немесе жүрекжарды тілегін білдіруі – үлкен сыйлық.

Мерекелік концерт барысында әсем әндер шырқалып, мың бұралған билер орындалып, ұстаздарға арналған жүрекжарды тілектер айтылды. Өнер мен ізгі тілектер тоғысқан кеш көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бұл кеш ұстаздардың еңбегін бағалаудың тек сөзбен емес, өнермен, ықыласпен, жүрекпен жеткізілгенін көрсетті.

Қазіргі білім беру саласына қойылатын талап жоғары. Заман өзгерген сайын оқыту әдістері де жаңарып келеді. Бүгінгі мұғалім тек өз пәнін жетік білумен шектелмейді. Ол үнемі ізденіп, жаңа технологияларды меңгеріп, заман талабына сай білім беруі қажет.

Ескелді ауданындағы ұстаздар да осы үдерістен тыс қалған емес. Педагогтер өз білімдерін жетілдіріп, жаңа әдістемелерді игеріп, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға күш салуда.

Мұғалімнің кәсіби ізденісі – шәкірт жетістігінің негізі.

Әрбір олимпиада жеңісі, ғылыми жоба, шығармашылық байқаудағы жетістік, спорттық жарыстағы жеңіс – ұстаз бен шәкірттің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Ал мектеп бітіруші түлектің қалаған мамандығына түсіп, ел игілігіне қызмет етуі – ұстаз үшін ең үлкен марапат.

Ұстазға құрмет – білімге құрмет

Қоғамның ұстазға деген құрметі – оның білім мен тәрбиеге деген көзқарасының көрсеткіші.





Ұстазды құрметтеу арқылы біз білімді, еңбекті, ізденісті және адамгершілікті құрметтейміз. Өйткені ұстаз – осы құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіретін негізгі тұлғалардың бірі.

Бүгінгі жас ұрпаққа тәрбие беру – баршамызға ортақ міндет. Отбасы мен мектептің бірлігі, ата-ана мен ұстаздың өзара түсіністігі – баланың дұрыс қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ұстаздың еңбегін бағалау – тек мұғалімнің кәсіби мерекесінде ғана емес, күнделікті өмірде де көрініс табуы тиіс.

Ұстазды жарыққа теңеу бекер емес.

Күн жерге жылу мен жарық берсе, ұстаз адам жанына білімнің сәулесін түсіреді. Күн табиғатты оятса, ұстаз баланың бойындағы қабілетті оятады. Күн қараңғылықты сейілтсе, ұстаз надандықтың орнын біліммен алмастырады.

Ұстаздың бір шәкірті – бір отбасының үміті, бір әулеттің болашағы, ал мыңдаған шәкірті – тұтас елдің ертеңі.

Сондықтан ұстаз еңбегінің ауқымы да, маңызы да өте үлкен.

Ескелді ауданында өткен Мұғалімдер күніне арналған мерекелік шара – осы ұлы мамандық иелеріне көрсетілген құрметтің, елдің ұстаз еңбегін бағалайтынының жарқын көрінісі болды.

Ескелді ауданының әкімі Ахметов Елдос Тұрсынбайұлының қатысуымен өткен салтанатты жиында ұстаздар қауымына ізгі тілектер айтылып, үздік педагогтердің еңбегі ел алдында еленді. Марапатталған ұстаздардың қуанышы, ардагер педагогтердің ақ тілегі, оқушылардың өнері – барлығы бір арнаға тоғысып, ұстаз мәртебесін асқақтатты.

Ұстаз – уақытпен бірге жасайтын мамандық емес, уақыттан озатын ұлы тұлға.

Оның шәкірті ертең есейіп, елге қызмет етеді. Ал сол азаматтың жүрегінде алғашқы ұстазының бейнесі мәңгі сақталады.

Сондықтан ұстаздың әрбір еңбегі – болашаққа салынған инвестиция, әрбір сабағы – келешекке қалдырған аманат, әрбір шәкірті – оның өмір жолындағы өшпес ізі.

Ұстаз деген – жарық күні ғаламның.

Ұстаз деген – жүректерге жол салған жан.

Ұстаз деген – білімнің шамын жаққан,

Ұрпаққа мәңгілік із қалдырған тұлға.

Барша ардагер ұстаздар мен білім беру саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз. Әр шәкіртіңіздің жетістігі сіздерге қуаныш сыйлап, абыройларыңыз асқақтай берсін!

Ұстаз мәртебесі биік, еңбегі мәңгілік болсын!

Ұстаз жаққан білім шырағы ешқашан сөнбесін!

Дара Дана

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Ұстаз – ұрпақ тәрбиесіне жауапты, қоғамның ертеңін қалыптастыратын ең қадірлі мамандық иелерінің бірі. Адам өмірінде ата-анадан кейінгі бағыт-бағдар беретін, білім мен тәрбиенің негізін қалайтын тұлға да – ұстаз.

Баланың мектеп табалдырығын алғаш аттаған күнінен бастап оның жанынан мұғалімі табылады. Алғашқы әріпті танытып, қолына қалам ұстатқан да, білімнің сырын ұғындырып, үлкен өмірге дайындайтын да – ұстаз.

Ұстаз еңбегінің ерекшелігі – оның нәтижесі бірден көрінбейді. Бүгін білім алған шәкірт ертең ел азаматына айналады. Бірі дәрігер болып адам өмірін құтқарса, бірі инженер болып ел дамуына үлес қосады, енді бірі ұстаздық жолды таңдап, өзі де келесі ұрпаққа білім береді. Осылайша ұстаз еңбегі бір буыннан екінші буынға жалғасып отырады.

Бала жүрегіне жол табу – үлкен өнер

Ұстаздық – білім берумен ғана шектелмейтін үлкен өнер. Әр баланың мінезі, дүниетанымы, қабілеті әртүрлі. Бір оқушы сабақты тез меңгерсе, енді бірі қосымша қолдауды қажет етеді. Осындай әртүрлі баланың жүрегіне жол тауып, олардың бойындағы жақсы қасиеттерді аша білу – нағыз ұстаздың шеберлігі.Мұғалім шәкіртіне тек пән үйретіп қоймайды. Ол баланы ізденуге, еңбек етуге, жауапкершілікке, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелейді. Кейде ұстаздың бір ауыз сөзі баланың өміріне бағыт беріп, оның өзіне деген сенімін арттыруы мүмкін.

«Сенің қолыңнан келеді!» деген қарапайым сөздің өзі шәкіртке қанат бітіреді.

Ұстаз үшін ең үлкен марапат – шәкіртінің жетістігі.

Оқушының білім сайысында жеңіске жетуі, шығармашылық байқауда топ жаруы, жоғары оқу орнына түсуі немесе таңдаған мамандығы бойынша биік белестерді бағындыруы – мұғалім еңбегінің нәтижесі. Ұстаз шәкіртінің әрбір жеңісіне қуанады. Себебі оның артында қаншама еңбек, дайындық, ізденіс пен төзім жатқанын жақсы біледі. Жылдар өте шәкірттер есейіп, мектептен түлеп ұшады. Бірақ ұстаз үшін олар әрдайым өз баласындай болып қала береді. Ал шәкірт үшін алғашқы ұстазының бейнесі жүрегінде мәңгі сақталады. Ұстаздық жолда ұзақ жылдар еңбек еткен ардагер педагогтердің орны ерекше.Олар талай жылын мектепке, бала тәрбиесіне, білім саласына арнады. Бірнеше буын шәкірт тәрбиелеп, өз тәжірибесін кейінгі жас мамандарға аманат етті.

Ардагер ұстаздардың өмір жолы – жас педагогтер үшін үлкен мектеп. Олардың кәсіби білімі, еңбекке деген адалдығы, шәкіртке деген мейірімі мен адамгершілігі кейінгі ұрпаққа үлгі.

Ұстаздық дәстүрдің жалғасуы да осындай сабақтастықтың арқасында жүзеге асады. Қазіргі таңда ұстазға қойылатын талап жоғары. Заман өзгерген сайын білім беру тәсілдері де жаңарып келеді. Заманауи мұғалім өз пәнін жетік білумен қатар, жаңа технологияларды меңгеріп, үнемі ізденіп, кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет.Ең бастысы – қандай өзгеріс болса да, ұстаздың балаға деген мейірімі мен жауапкершілігі өзгермеуі тиіс.

Себебі технология білімді жеткізуге көмектесуі мүмкін, бірақ баланың жүрегіне жол табатын – адам. Ұстаздың жылы сөзі, қамқорлығы мен қолдауы оқушының өмірінде ерекше із қалдырады.

Ұстаздың берген білімі ұмытылуы мүмкін, бірақ оның адамға деген сенімі, айтқан ақылы, жүрекке жеткен сөзі ешқашан ұмытылмайды.

Сондықтан ұстазға көрсетілген құрмет – жай ғана бір мамандық иесіне көрсетілген құрмет емес. Бұл – білімге, тәрбиеге, болашаққа көрсетілген құрмет.Барша ұстаздарға зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық шабыт тілейміз. Еңбектеріңіз жемісті болып, шәкірттеріңіздің жетістігі сіздерге әрдайым қуаныш сыйласын!

Ұстаз еңбегі – ұрпаққа аманат.

Ұстаз өнегесі – елге мұра.

Ұстаз жаққан білім шырағы – болашақтың жарығы.

А.Ахметқызы

ХАТТАН БАСТАЛҒАН ТАРИХ – ХАЛЫҚПЕН ЖАЛҒАСҚАН ҚЫЗМЕТ



9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні

Адамзат тарихында алыстағыны жақындатып, сағынышты хат арқылы жеткізген, қуанышты хабарды үйге сүйіншілеп әкелген ерекше бір мамандық бар. Ол – пошта қызметі.

Бүгінде ақпарат алмасудың сан түрлі заманауи жолы қалыптасқанымен, пошта саласының қоғамдағы орны жойылған жоқ. Себебі пошта – тек хат пен сәлемдеме жеткізетін мекеме ғана емес, ол – халықпен етене араласатын, елдің күнделікті тыныс-тіршілігіне қызмет ететін маңызды сала.

9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні. Бұл күн – әлемнің түкпір-түкпіріндегі пошта қызметкерлерінің еңбегін бағалап, олардың кәсіби қызметіне құрмет білдіретін ерекше күн.

Осы айтулы мереке қарсаңында Ескелді ауданындағы пошта саласының қызметкерлерін ерекше атап өткен жөн. Жылдар бойы бір мекемеде табанды еңбек етіп, халықтың алғысына бөленіп жүрген жандардың еңбегі – үлкен құрметке лайық.

Пошта – халық пен хаттың арасын жалғаған алтын көпір

Бір кездері адамдар үшін алыстағы ағайыннан келген хаттың орны бөлек еді. Пошта жәшігіне көз салып, хат күткен жандардың жүрегінде ерекше толқыныс болатын. Ақ қағазға жазылған бірнеше ауыз сөздің өзінде сағыныш, қуаныш, тілек пен мейірім жататын.

Пошта қызметкері сол хаттарды бір елді мекеннен екіншісіне жеткізіп, адамдарды бір-бірімен байланыстыратын алтын көпір қызметін атқарды.

Бүгінде заман өзгерді. Телефон, интернет, әлеуметтік желілер арқылы хабарды әп-сәтте жеткізуге мүмкіндік бар. Алайда пошта қызметінің маңызы төмендеген жоқ. Керісінше, пошта бөлімшелері халыққа көптеген қажетті қызметтерді ұсынатын әлеуметтік маңызы зор орталықтардың біріне айналды.

Әсіресе ауылдық жерлерде пошта қызметкерлерінің атқаратын жұмысы ерекше. Олар елді мекен тұрғындарымен күн сайын жүздесіп, хат-хабар мен сәлемдемелерді жеткізіп қана қоймай, халықтың көптеген тұрмыстық қажеттіліктерін өтеуге атсалысады.

Ескелді пошта саласында еңбегімен танылған жандар

Ескелді ауданындағы пошта саласының өзіндік қалыптасқан тарихы бар. Бұл салада ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, қызметін абыроймен атқарып келе жатқан тәжірибелі мамандардың еңбегі ерекше.

Қарабұлақтағы Ескелді пошта бөлімшесінде 15-23 жылдан бері үздіксіз еңбек етіп келе жатқан қызметкерлер бар. Олар – өз ісін жақсы білетін, халықпен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгерген, жауапкершілікті жоғары қоятын білікті мамандар.

Бүгінде осы ұжымға директор Қашақанов Ринат Мұратұлы жетекшілік етеді.

Пошта саласының жұмысын ұйымдастырып, ұжымның бірлігін сақтап, халыққа сапалы қызмет көрсетуге күш салып жүрген басшының еңбегі де елеулі. Оның жанында талай жылдан бері осы саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып, халыққа қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі мамандар еңбек етеді.

Қарабұлақтағы пошта бөлімшесінде Лола Хуррамовна, Гаухар Өмірзақовна, Қарлығаш Нұрсапаевна, Аида Амангелдиновна, Бақыт Тұрсыновна, Жанат Қабдрахманович, Ержан Байжоқинович, Купельдиева Екатерина сынды қызметкерлер ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп келеді.

Бұл жандардың әрқайсысының пошта саласында өзіндік еңбек жолы, қалыптасқан тәжірибесі бар. 15-23 жыл – аз уақыт емес. Осы уақыт аралығында талай буын тұрғынға қызмет көрсетіп, қаншама хат-хабар мен сәлемдеменің иесіне жетуіне себепші болды.

Олар үшін пошта – жай ғана жұмыс орны емес, жылдар бойы өмірінің бір бөлігіне айналған сүйікті кәсібі.

Пошташы – халықпен етене қызметкер

Пошта саласының ең маңызды буынының бірі – пошташылар. Олар күн сайын халықпен тікелей байланыста болып, пошта жөнелтілімдерін белгіленген мекенжайларға жеткізеді.

Ескелді ауданында осы жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген Лязат Шойбекова, Галина Сердюкова, Елена Царькова сынды пошташылардың еңбегін ерекше атап өтуге болады.

Пошташының жұмысы сырт көзге қарапайым көрінгенімен, оның жауапкершілігі жоғары. Әр хат, әр сәлемдеме өз иесіне уақытында әрі аман-есен жетуі тиіс.

Пошташы ауа райына да қарамайды.

Жаңбырлы күн, қақаған қыс, жаздың аптап ыстығы – оның күнделікті жұмысына кедергі бола алмайды. Себебі тұрғындар пошта қызметкерін күтіп отырады.

Олардың әр үйге кіріп, тұрғындармен амандасып, хат-хабарын табыстауы – ауыл өмірінің қалыпты көрінісіне айналған.

Пошташы – халыққа ең жақын мамандықтардың бірі. Сондықтан бұл салада қызмет ететін адамнан жауапкершілікпен қатар, жылы қарым-қатынас пен адамға деген құрмет талап етіледі.

Сұрыптаушының еңбегі – үлкен жауапкершілік

Пошта қызметінің дұрыс әрі жүйелі жүруінде сұрыптаушылардың да еңбегі зор.

Баженова Наталья – пошта саласында сұрыптаушы қызметін атқарып жүрген мамандардың бірі.

Сұрыптаушының жұмысы – келген пошта жөнелтілімдерін тиісті бағыттар мен мекенжайлар бойынша дұрыс әрі мұқият бөлу. Бұл жерде ұқыптылық пен тиянақтылықтың маңызы ерекше.

Бір қарағанда көрінбейтін осы жұмыстың нәтижесінде хаттар мен сәлемдемелер өз бағыттарына жөнелтіліп, кейін адресатына жетеді.

Яғни пошта қызметінің әр кезеңінде өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мамандардың еңбегі жатыр.

Әр ауылдың өз пошта қызметкері бар

Ескелді ауданындағы әр ауылдың тұрғындарына қызмет көрсетіп жүрген пошта қызметкерлері бар.

Шымыр ауылында – Шолпан Қалдыбаева,

Қоңыр ауылында – Айгүл НұрТелеуовна,

Жалғызағаш ауылында – Асемжан Умербековна,

Қараталды ауылында – Раушан Нұрмолдановна,

Алдаберген ауылында – Батырбаева Мақтагүл,

Жаңалық ауылында – Қашқымбаева Гүлбану,

Қайнарлы ауылында – Салтанат Тәңірбергеновна,

Абай ауылында – Сәуле Қазмұханова,

Бақтыбай ауылында – Ақбота Мұратбековна,

Елтай ауылында – Толғамбаева Балғын сынды қызметкерлер халыққа күнделікті қызмет көрсетіп келеді.

Олардың әрқайсысы – өз ауылының тұрғындарына жақсы таныс жан. Ауыл тұрғындары үшін пошта қызметкері тек хат немесе сәлемдеме әкелетін адам емес. Ол – елдің жаңалығын жеткізетін, тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдайтын, күнделікті тіршіліктің бел ортасында жүретін етене таныс тұлға.

Қырық жылдан астам қызмет – еңбекке адалдықтың үлгісі

Сырымбет ауылындағы пошта саласының ардагер қызметкері Лязат Мұратовна – еңбекке адалдықтың жарқын үлгісі.

Ол пошта саласында 40 жылдан астам уақыт қызмет етіп келеді. Бір мекемеге осынша жыл бойы адал қызмет ету – үлкен төзімнің, кәсібіне деген сүйіспеншіліктің және еңбекке деген жауапкершіліктің белгісі.

Қырық жылдан астам уақыт ішінде заман талай өзгерді. Поштаның жұмыс жүйесі де, технологиясы да жаңарды. Бірақ Лязат Мұратовна үшін басты құндылық өзгерген жоқ. Ол – халыққа адал қызмет ету.

Осындай еңбек жолы кейінгі жас мамандарға үлкен өнеге.

Аға буын – кейінгі ұрпаққа үлгі

Пошта саласында ұзақ жыл еңбек еткен мамандардың өмір жолына қарап, бір нәрсені анық аңғаруға болады. Ол – кәсібіне деген адалдық.

15, 20, 23, тіпті 40 жылдан астам уақыт бойы бір салада еңбек ету – кез келген адамның қолынан келе бермейтін үлкен жетістік.

Осы уақыт ішінде талай буын тұрғынға қызмет көрсетіп, көптеген хат-хабар мен сәлемдеменің өз иесіне жетуіне үлес қосқан мамандардың еңбегі елдің күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты.



Аға буынның тәжірибесі кейінгі жас қызметкерлер үшін үлкен мектеп. Олар жас мамандарға жұмыстың қыр-сырын үйретіп қана қоймай, ең бастысы – мамандыққа адал болуды, халықпен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйретеді.

Пошта – адамдар арасын жалғайтын дәнекер

Қазіргі заманда ақпарат алмасу жылдам болғанымен, пошта қызметінің адам өміріндегі орны әлі де маңызды.

Себебі пошта – адамдарды, ауылдарды, елді мекендерді байланыстыратын жүйе. Оның артында халықтың күнделікті қажетіне жауап беріп жүрген қарапайым еңбек адамдары тұр. Олардың еңбегі кейде көзге көрінe бермейді. Бірақ уақытында жеткізілген хат, аман-есен табысталған сәлемдеме, сапалы көрсетілген қызмет – осы мамандардың еңбегінің нәтижесі.

Сондықтан пошта қызметкерлерінің кәсіби мерекесі – олардың күнделікті маңдай теріне құрмет білдіретін айтулы күн.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

9 қазан – Дүниежүзілік пошта күніне орай Ескелді ауданының пошта саласында еңбек етіп жүрген барша қызметкерлерге зор алғыс білдіреміз.

Қашақанов Ринат Мұратұлы, Лола Хуррамовна, Гаухар Өмірзақовна, Қарлығаш Нұрсапаевна, Аида Амангелдиновна, Бақыт Тұрсыновна, Жанат Қабдрахманович, Ержан Байжоқинович, Купельдиева Екатерина, Лязат Мұратовна, Шолпан Қалдыбаева, Айгүл НұрТелеуовна, Асемжан Умербековна, Раушан Нұрмолдановна, Батырбаева Мақтагүл, Қашқымбаева Гүлбану, Салтанат Тәңірбергеновна, Сәуле Қазмұханова, Ақбота Мұратбековна, Толғамбаева Балғын, Лязат Шойбекова, Галина Сердюкова, Елена Царькова, Баженова Наталья, Гульнур Алиева сынды барша пошта қызметкерлерінің еңбегі – құрметке лайық.

Сіздердің еңбектеріңіз – адамдар арасындағы байланысты нығайтып, ауыл мен ауданның күнделікті тыныс-тіршілігіне қызмет етіп келе жатқан маңызды еңбек.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Әр жеткізген хатыңыз қуанышқа, әр тапсырған сәлемдемеңіз игілікке ұлассын.

Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін!

Пошта – хат жеткізетін қызмет қана емес, ол – адамдар арасындағы байланысты жалғайтын алтын көпір.

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті пошта қызметкерлері!

Дара Дана

НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Ескелді ауданында есірткі қылмысының алдын алу мәселелері талқыланды

Ескелді ауданында нашақорлықтың профилактикасы және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.

Жиынның негізгі мақсаты – аудан аумағында есірткінің таралуына жол бермеу, нашақорлықтың алдын алу жұмыстарын күшейту, жастар мен жасөспірімдер арасында түсіндіру шараларын жүйелі түрде жүргізу және осы бағыттағы мемлекеттік органдар мен тиісті мекемелердің бірлескен жұмысын жетілдіру.

Отырыс барысында есірткіге тәуелділіктің қоғамға тигізетін кері әсері кеңінен сөз болып, оның алдын алудың маңыздылығы атап өтілді. Әсіресе өскелең ұрпақтың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және зиянды әдеттерден аулақ болуға бағытталған жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.



Нашақорлық – адамның денсаулығына ғана емес, оның отбасына, қоршаған ортасына және тұтас қоғамға кері әсер ететін күрделі мәселе. Сондықтан оның алдын алу тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл бағытта білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау мекемелері, ата-аналар, жастар ұйымдары және жалпы қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет.

Есірткі қылмысының алдын алуда жастармен жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Себебі жасөспірімдер мен жастар түрлі теріс ақпараттардың ықпалына тез түсуі мүмкін. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында құқықтық және профилактикалық кездесулер өткізіп, есірткінің зияны туралы нақты әрі түсінікті ақпарат беру маңызды.Жас ұрпаққа есірткінің адам өміріне келтіретін зардабын түсіндірумен қатар, олардың спортпен, шығармашылықпен, біліммен және қоғамдық жұмыстармен айналысуына жағдай жасау қажет.

Есірткі қылмысына қарсы күрес – жүйелі жұмысты талап етеді

Комиссия отырысында есірткі қылмысының алдын алу, заңсыз айналымға жол бермеу және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді.

Бұл бағыттағы шаралар тек қылмыс орын алғаннан кейін әрекет етумен шектелмеуі керек. Ең бастысы – қауіптің алдын алу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және қоғамда есірткіге қарсы берік көзқарас қалыптастыру.

Әсіресе интернет кеңістігіндегі қауіптерге назар аудару қажет. Жастарды заңсыз әрекеттерге тартуға бағытталған түрлі ұсыныстардың алдын алу, күмәнді ақпаратқа сын көзбен қарауға үйрету және құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.Нашақорлыққа қарсы күрес – ұрпақ болашағын қорғау.

Дені сау ұрпақ – елдің ең үлкен байлығы. Сондықтан әр азамат есірткінің таралуына жол бермеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға және жас ұрпақты зиянды әдеттерден қорғауға өз үлесін қосуы қажет.

Бірлескен әрекет, жауапкершілік және тұрақты профилактикалық жұмыс арқылы ғана есірткісіз, қауіпсіз әрі салауатты қоғам қалыптастыра аламыз.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ – ҰЛТТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МҰРАСЫ



Тоғызқұмалақ – халқымыздың сан ғасырлық тарихымен бірге жасасып келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Ол жай ғана ойын емес, ата-бабамыздың дүниетанымын, логикалық ойлау қабілетін, есепке жүйріктігін танытатын бірегей зияткерлік мұра.

Қазақ халқы «Ойна да ойла» деп бекер айтпаған. Тоғызқұмалақ ойыны баланы да, ересекті де ұқыптылыққа, сабырлылыққа, есептеуге және алдағы жүрісті алдын ала болжауға үйретеді. Ойын барысында әр жүрістің бірнеше қадамын есептеп, қарсыластың әрекетін бақылап отыру қажет. Сондықтан тоғызқұмалақты ұлттық ойын ғана емес, өзіндік математикалық ойлау мектебі деуге болады.

Тоғызқұмалақтың шығу тарихы

Тоғызқұмалақтың нақты қай жылы пайда болғаны жөнінде бір ғана нақты дерек жоқ. Дегенмен оның тарихы қазақ, қырғыз және басқа да түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты екені белгілі.

Зерттеушілер бұл ойынның тамыры өте ерте кезеңдерге барып тірелетінін айтады. Қазақ даласында көшпелі өмір салтын ұстанған халық үшін ойлау, есептеу, есте сақтау және кеңістікті бағдарлау аса маңызды қабілеттер болған. Тоғызқұмалақ осындай қасиеттерді дамытуға мүмкіндік берген ойындардың бірі ретінде қалыптасқан.

Ата-бабаларымыз ойынға арнайы күрделі құралдарды қажет етпеген. Құмалақтарды малдың кепкен қиынан, тастан немесе басқа да ұсақ заттардан пайдаланған деген деректер кездеседі. Ал тақтаны жерді ойып немесе ағаштан жасап отырған.

Кей жағдайда тоғызқұмалақ тақтасы үй жағдайында қолдан жасалған. Ауыл арасында үлкендер балаларға ойынды үйретіп, шебер ойыншылардың тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған.

Неліктен тоғызқұмалақ деп аталады?

Ойынның атауы оның негізгі құрылымымен байланысты.

Дәстүрлі тоғызқұмалақ тақтасында әр ойыншыға тиесілі 9 отау және ойын барысында жиналатын қазан болады. Бастапқыда әр отауға 9 құмалақтан салынады.

Екі ойыншының отауларындағы құмалақтардың жалпы саны 162 болады. Ойын барысында ойыншылар қарсыласының құмалақтарын өз қазанына жинауға тырысады.

Ойынның негізгі мақсаты – қарсыластан көбірек құмалақ жинау.

Әдетте 82 құмалақ жинаған ойыншы жеңіске жетеді. Егер екі ойыншының ұпайы тең болса, ойын тең аяқталуы мүмкін.

Ойын қалай ойналады?

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі ойыншы арасында ойналады. Әр ойыншының тоғыз отауы және бір қазаны болады.

Ойыншылар кезекпен өз отауларындағы құмалақтарды жүріп отырады. Бір отаудағы құмалақтар алынып, белгіленген тәртіппен келесі отауларға таратылады.

Ойын барысында қарсыластың жүрісін алдын ала есептеу өте маңызды. Әрбір жүрістің нәтижесі келесі бірнеше қадамға әсер етуі мүмкін.

Ойынның қызықты ерекшеліктерінің бірі – тұздық алу мүмкіндігі. Тұздық ойынның стратегиялық мәнін арттырады. Сонымен бірге тұздыққа қатысты арнайы ережелер бар және оны дұрыс пайдалану ойын нәтижесіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Тоғызқұмалақта ойыншы тек өз жүрісін ғана емес, қарсыласының ықтимал әрекетін де есептеуі керек. Сондықтан мұнда шапшаңдықтан гөрі терең ойлау, сабыр және есепке жүйріктік маңызды.

Тоғызқұмалақ – ойлау қабілетін дамытатын ойын

Тоғызқұмалақтың тәрбиелік мәні өте жоғары.

Ойын барысында адам:

-логикалық ойлау қабілетін дамытады;

-есте сақтау қабілетін жетілдіреді;

-есептеу дағдысын қалыптастырады;

-сабырлы болуға үйренеді;

-шешім қабылдау қабілетін дамытады;

-қарсыласының ойын болжауға машықтанады;

-жауапкершілік пен тәртіпке үйренеді.

Әсіресе балалар мен жасөспірімдер үшін тоғызқұмалақтың пайдасы зор. Ойын баланың математикаға қызығушылығын арттырып, ойлау жүйесін қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен бірге тоғызқұмалақ адамды жеңіске ғана емес, жеңілісті дұрыс қабылдауға да тәрбиелейді. Ұтылған жағдайда ойыншы өз қателігін саралап, келесі жолы оны қайталамауға тырысады.

Ұлттық мұрадан әлемдік деңгейге

Тоғызқұмалақ бүгінде Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де кеңінен танылып келеді.

Ойынның ережелері жүйеленіп, арнайы жарыстар мен чемпионаттар ұйымдастырылуда. Балалар, жасөспірімдер және ересектер арасында түрлі деңгейдегі додалар өткізіліп, тоғызқұмалақпен айналысатын спортшылардың қатары артып келеді.

Тоғызқұмалақтың халықаралық деңгейде танылуы – ұлттық мәдениетіміз үшін үлкен жетістік.

2020 жылы тоғызқұмалақ ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне Қазақстан, Қырғызстан және Түркияның бірлескен номинациясы ретінде енгізілді. Бұл – халқымыздың дәстүрлі ойынының әлемдік мәдени кеңістіктегі орнын айқындайтын маңызды қадам.

Бүгінде тоғызқұмалақпен шұғылданатын жастардың саны артып, ұлттық ойынға деген қызығушылық жаңа деңгейге көтеріліп келеді.

Ұрпаққа ұлағат болған ойын

Тоғызқұмалақтың құндылығы – оның ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жетуінде.

Бұрын ауылдағы үлкендер балаларға ойынды үйретсе, бүгінде тоғызқұмалақ үйірмелері мектептерде, спорт мекемелерінде және арнайы орталықтарда жұмыс істейді.

Бұл – ұлттық мұраның заман талабына сай жаңғырып отырғанын көрсетеді.

Тоғызқұмалақты үйренген бала тек ойын ойнамайды. Ол халқымыздың тарихымен, мәдениетімен және дәстүрімен танысады.

Ұлттық ойын арқылы жас ұрпақ өз халқының мұрасын бағалауды үйренеді.

Тоғызқұмалақ – рухани қазына

Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының айнасы. Ал тоғызқұмалақ сол ойындардың ішінде өзінің терең ойлау жүйесімен ерекшеленеді.

Оны кейде «дала шахматы» деп те атайды. Шахматтағыдай мұнда да әр жүрісті алдын ала жоспарлау, қарсыластың әрекетін болжау және дұрыс стратегия құру маңызды.

Алайда тоғызқұмалақтың өзіндік ерекшелігі бар. Оның негізінде қазақ халқының дәстүрлі есептеу мәдениеті мен ұлттық дүниетанымы жатыр.

Сондықтан тоғызқұмалақты дәріптеу – ұлттық спортты ғана дамыту емес, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын сақтау деген сөз.

Ұлттық ойын – ұлт қазынасы

Бүгінгі ұрпақтың ұлттық ойындарға қызығушылығы – қуанышты құбылыс. Себебі жаһандану дәуірінде әр халық өзінің ұлттық болмысын, мәдениетін және дәстүрін сақтай білуі қажет.

Тоғызқұмалақ – сондай асыл мұралардың бірі.

Оны ойнау арқылы біз өткенімізді танимыз, ұлттық құндылығымызды дәріптейміз және жас ұрпақтың ой-өрісін дамытамыз.

Сондықтан мектептер мен білім беру ұйымдарында тоғызқұмалақ үйірмелерінің жұмысын жандандырып, балалар арасында жарыстарды көбейтіп, ұлттық ойынның қыр-сырын кеңінен насихаттаудың маңызы зор.

Тоғызқұмалақ – атадан балаға жеткен асыл мұра, ақыл мен есепке құрылған ұлттық өнер.

Оны сақтау – өткенге құрмет болса, оны жас ұрпаққа үйрету – болашаққа жасалған аманат.

Ұлттық ойынымыздың мерейі артып, тоғызқұмалақтың көкжиегі кеңейе берсін!

ЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП – ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Ескелді ауданында жол қауіпсіздігін сақтауға шақырамыз

Жол – баршаға ортақ. Күн сайын Ескелді ауданының елді мекендері мен ауданаралық жолдарында жүздеген көлік қозғалып, жаяу жүргіншілер өз бағыттарымен қатынайды. Бірі жұмысқа, бірі оқуға, енді бірі күнделікті шаруасымен жолға шығады. Барлығының мақсаты – діттеген жеріне аман-есен жету.Алайда жол үстіндегі қауіпсіздік өздігінен қалыптаспайды. Ол әрбір жүргізуші мен жаяу жүргіншінің жауапкершілігіне, тәртібіне және бір-біріне деген құрметіне байланысты. Сондықтан жол қозғалысына қатысушылардың барлығын жол ережесін қатаң сақтауға, асығыстыққа жол бермеуге және бір-біріне құрметпен қарауға шақырамыз.

Бір сәттік асығыстық – орны толмас өкініш

Көлік жүргізушісі үшін жылдамдықты шамадан тыс арттыру, қарсы бағытқа шығу, қауіпті жағдайда басып озу немесе жол белгілерін елемеу – үлкен қауіп. Кейде жүргізуші «тезірек жетсем болды» деген оймен бірнеше минут ұтуға тырысады. Бірақ сол бірнеше минуттың адам өмірінен қымбат емес екенін ұмытпауымыз керек. Жолда күтпеген жағдай кез келген уақытта болуы мүмкін. Ал жоғары жылдамдық жүргізушінің қауіпті жағдайға дер кезінде әрекет ету мүмкіндігін азайтады. Сондықтан әрбір жүргізуші жол жағдайын, ауа райын, көлік қозғалысының қарқынын ескеріп, жылдамдықты тиісті деңгейде ұстауы қажет.

Асықпай жүргізейік. Аман жету – басты мақсат.

Жолда бір-бірімізге жол берейік

Жол қозғалысының мәдениеті жүргізушінің көлік басқару шеберлігімен ғана өлшенбейді. Оның адамға деген құрметінен де көрінеді.

Кейде жолда жүргізушілердің бір-біріне жол бермей, асығыс әрекет жасап, орынсыз дыбыс белгісін беріп немесе қауіпті маневрге барып жататынын байқаймыз. Мұндай әрекеттер өзімізге де, өзгеге де қауіп төндіреді.

Сондықтан жолда бір-бірімізге жол берейік. Өзгенің қателігіне ашумен емес, сабырмен жауап берейік. Көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырайық.

Бір-бірімізге жол беру – әлсіздік емес, мәдениеттілік пен жауапкершіліктің белгісі.

Жаяу жүргінші де жауапты

Жол қауіпсіздігі тек жүргізушілерге қатысты мәселе емес. Жаяу жүргіншілер де белгіленген талаптарды орындауы тиіс.

Жолды тек арнайы белгіленген жерден кесіп өту, бағдаршамның рұқсат беретін белгісін күту, көлік жолына кенеттен шықпау – қарапайым, бірақ аса маңызды талаптар.

Әсіресе балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажет. Ата-аналар балаларына жолдан дұрыс өту тәртібін үнемі түсіндіріп отырғаны жөн.

Баланың қолынан ұстап жолдан өткен кезде де үлкендер өз әрекетімен үлгі болуы керек.

Бала қауіпсіздігі – баршамызға ортақ міндет.

Телефонға емес, жолға назар аударайық

Қазіргі уақытта ұялы телефон жолдағы алаңдатушы факторлардың біріне айналды.

Көлік жүргізіп келе жатып телефонға қарау, хабарлама жазу немесе қоңырауға алаңдау – қауіпті жағдайға себеп болуы мүмкін.

Жолда бірнеше секундқа назар аудармаудың өзі ауыр салдарға әкелуі ықтимал.

Сондықтан рөлде отырған кезде телефонды қолданбай, барлық назарды жолға аударған дұрыс.

Телефон күте алады, ал адам өмірі күтпейді.

Қауіпсіздік белдігін ұмытпайық

Қауіпсіздік белдігін тағу – жүргізуші мен жолаушы үшін маңызды талап.

Көлік қозғалысын бастамас бұрын жүргізуші өзінің ғана емес, көліктегі барлық жолаушының қауіпсіздігіне көңіл бөлуі керек.

Әсіресе балаларды тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, тиісті қауіпсіздік талаптары сақталуы қажет.

Қарапайым ғана қауіпсіздік белдігін тағу кей жағдайда адам өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Жолда мәдениетті болу – бір-бірімізді құрметтеуден басталады.

Кептелісте кезек сақтау, басқа көлікке орын беру, жаяу жүргіншіге жол беру, қауіпті маневр жасамау, жол белгілеріне бағыну – мұның бәрі жол мәдениетінің көрсеткіші.

Әр жүргізуші «Менің асығыс әрекетім басқа адамға зиян келтіруі мүмкін» екенін түсінуі керек.

Бір ғана дұрыс шешім – үлкен қауіптің алдын алуы мүмкін.

Ата-ана – балаға үлгі

Балалар үлкендердің іс-әрекетіне қарап үйренеді. Сондықтан ата-аналар жол ережесін өздері сақтап, балаларына дұрыс үлгі көрсетуі қажет.

«Қызыл шамда тоқта», «жолдан жүгіріп өтпе», «жаяу жүргінші өткелін пайдалан» деген сөздер баланың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналуы тиіс.

Баланың жолдағы қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауға болмайды. Себебі бір сәттік назарсыздық орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін.

Ескелді ауданында қауіпсіздік – ортақ міндет

Ескелді ауданындағы жолдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау – аудан тұрғындарының барлығына ортақ міндет.

Жүргізушілерден жол ережесін қатаң сақтауды, көлік құралдарының техникалық жағдайына көңіл бөлуді, жылдамдықты асырмауды және жол жағдайына қарай сақтық танытуды сұраймыз.

Жаяу жүргіншілерді де белгіленген орындардан ғана өтіп, жол қозғалысы талаптарын сақтауға шақырамыз.

Әсіресе таңертеңгі және кешкі уақытта, ауа райы қолайсыз болған кезде сақтықты күшейткен жөн.

Басты мақсат – амандық

Жолдағы ең үлкен жетістік – өзгеден бұрын жету емес. Ең үлкен жетістік – үйге аман оралу. Рөлге отырған әр адам өз отбасының оны күтіп отырғанын естен шығармауы керек. Жүргізушінің артында ата-анасы, жары, балалары немесе жақындары бар. Сондықтан жолдағы әрбір әрекетімізге жауапкершілікпен қарайық.

Бір-бірімізге жол берейік.

Бір-бірімізді құрметтейік.

Асықпайық.

Жол ережесін бұзбайық.

Балалар мен қарттарға ерекше назар аударайық.

Жол қауіпсіздігі – полицияның ғана емес, әрқайсымыздың міндетіміз.

Ескелді ауданында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың нәтижелі болуы әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты. Ендеше, жолда сабырлы болайық, сақтықты ұмытпайық. Жолда бір-бірімізге жол берейік!

Жол ережесін бірге сақтайық!

Ең бастысы – әр үйге аман-есен оралайық!

76,11 МЛН ДОЛЛАРОВ США НАПРАВЛЕНО КАЗАХСТАНЦАМ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ФОНД – ДЕТЯМ»

С 1 февраля 2024 года по 1 сентября 2026 года выплаты целевых накоплений (ЦН) в рамках программы «Национальный фонд – детям» получили 365 553 гражданина на общую сумму около 76,11 млн долларов США.

С начала 2026 года по состоянию на 1 сентября выплаты ЦН получили 170 156 граждан на общую сумму 44,84 млн долларов США. Из них 119 279 казахстанцам перечислено более 31,00 млн долларов США на улучшение жилищных условий, а 50 877 казахстанцам - 13,83 млн долларов США на оплату образования.

Средства были переведены уполномоченным операторам для последующего зачисления на банковские счета заявителей. Напомним, получатель ЦН вправе использовать всю сумму либо ее часть. Невостребованная часть средств продолжает храниться на целевом накопительном счете (ЦНС) в течение 10 лет. После этого неиспользованный остаток переводится на индивидуальный пенсионный счет получателя для учета добровольных пенсионных взносов.

Наиболее востребованным направлением в рамках улучшения жилищных условий стало пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления: 117 712 получателям осуществлены выплаты на сумму 30,51 млн долларов США. Кроме того, в целях внесения первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища выплачено 183,65 тыс. долларов США 788 юным казахстанцам, а в целях приобретения жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) выплачено 102,17 тыс. долларов США 437 казахстанцам.

В рамках использования ЦН на образование самый большой объем средств направлен на оплату образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения): по данному направлению выплаты получили 47 584 гражданина на сумму 12,96 млн долларов США.

Также были востребованы следующие направления: пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе - средства перечислены 2 309 получателям на сумму 587,56 тыс. долларов США, а 861 гражданину направлено 220,44 тыс. долларов США на оплату образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения).

Напомним, что начисление целевых требований прекращается в случае смерти либо вступления в законную силу решения суда об объявлении умершим участника целевых требований. В целях получения целевых требований/ЦН в связи со смертью участника целевых требований/получателя ЦН их наследники могут обратиться в ЕНПФ в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан.

По состоянию на 01.09.2026 г. осуществлены выплаты наследникам на сумму 74,46 тыс. долларов США, при этом получателями средств являются 226 граждан.

С подробной информацией о выплатах ЦН в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

Напомним, что по итогам 2025 года казахстанским детям произведено очередное начисление в размере 130,71 долларов США на одного ребенка, за 2024 год – по 129,38 долларов США, за 2023 год - по 100,52 долларов США,

Детям до 18 лет ежегодно суммы из Нацфонда начисляются в виде целевых требований. При этом, согласно законодательству, начисленные юным казахстанцам суммы остаются в составе активов Нацфонда и продолжают инвестироваться. Благодаря дальнейшему инвестированию ежегодно сумма целевых требований каждого ребенка дополнительно прирастает за счет полученного инвестиционного дохода.

В результате совокупная сумма всех накопленных целевых требований (включая ежегодно дополнительно начисляемый инвестиционный доход) у ребенка, который участвует в программе:

- три года, составил 370 долларов 56 центов;

- два года, составил 263 доллара 93 цента;

- один год, составил 130 долларов 71 цент.

Информацию об участии в программе ребенка, не достигшего 18 лет, его родители и иные законные представители могут проверить по ИИН ребенка на сайте kids.enpf.kz, в личном кабинете на портале электронного правительства eGov.kz, а также в мобильных приложениях eGov Mobile и некоторых банков второго уровня.

В случае, если информация о целевых требованиях, начисленных детям за 2025 отчетный год, не отображается, то необходимо обновить документы в мобильных приложениях, следуя по пути:

-в приложении eGov Mobile: «Цифровые документы» - «Семья» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА»;

-в мобильных приложениях банков второго уровня, например, в Kaspi.kz: «Госуслуги» - «Все документы» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА».

Отсутствие в личном кабинете законного представителя сведений о начислении целевых требований детям, достигшим либо достигающим 18-летнего возраста в текущем году, обусловлено тем, что целевые требования обрели статус ЦН и в связи с этим доступ к информации о них предоставляется непосредственно получателю ЦН (гражданину, достигшему или достигающему 18-летнего возраста в 2026 году). Указанные лица должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства, чтобы затем при достижении 18-летнего возраста обратиться к уполномоченному оператору для открытия банковского счета в долларах США и подачи онлайн-заявления на выплату ЦН для улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования.

На сегодняшний день уполномоченными операторами являются:

-АО «Отбасы банк» (по жилью и образованию),

-АО «Народный банк» (по образованию),

-АО «Банк ЦентрКредит» (по образованию).

Со статистикой по несовершеннолетним детям - участникам целевых требований и совершеннолетним получателям ЦН, а также по использованию ЦН на жилье и (или) образование можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

Изучить условия программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz. Также можно ознакомиться с видеокомментариями и инструкциями по теме на YouTube-канале БЖЗ ҚЕНПФ:

видеокомментарий Председателя АО "ЕНПФ" Ж.Б. Курманова:
https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=30CdPWl6dv0
видеокомментарий управляющего директора АО "ЕНПФ" М.Т. Шарипова:
https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0
видеокомментарий "Вопрос-ответ" по программе «Нацфонд – детям»:
https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk
https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk
инструкция по сайту "Нацфонд - детям":
https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc
https://www.youtube.com/watch?v=jyC2c-HgqpQ
инструкция об осуществлении программы "Национальный Фонд детям":
https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA
https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

АДАЛДЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ БЕРІК ТҰҒЫРЫ

Қоғамның тұрақты дамуы мен елдің болашағы ең алдымен азаматтардың заңға деген құрметі мен жауапкершілігіне байланысты. Әділдік пен адалдық орныққан жерде сенім нығаяды, еңбек бағаланады, халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара түсіністік арта түседі.

Ал қоғамның дамуына кері әсер ететін келеңсіз құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық. Ол тек заң талаптарын бұзу ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттік институттарға деген сенімге және азаматтардың құқықтық санасына кері әсер ететін күрделі мәселе.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – белгілі бір мекеменің немесе жекелеген қызметкердің ғана міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік. Адалдық – адамның жеке басына тән қасиет қана емес, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құндылық.

Әрбір азамат өз қызметіне адал қарап, заң талаптарын сақтап, өзгенің құқығы мен мүддесіне құрметпен қараған кезде қоғамда әділдік қағидалары қалыптасады. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең тиімді жолдарының бірі – оның алдын алу. Яғни заң бұзушылық орын алғаннан кейін шара қолданумен ғана шектелмей, жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын қамтамасыз ету маңызды.Бүгінде қоғамда осы бағытта түрлі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік органдарда ашықтық пен есептілік қағидаларын қалыптастыру, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру, цифрландыру арқылы адам мен шенеунік арасындағы тікелей байланысты азайту – жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шаралардың бірі.

Заң – қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың негізгі тірегі. Әр азамат заң талаптарын сақтаған кезде ғана құқықтық мемлекет қалыптасады.

Кейде жемқорлықты тек пара алу немесе пара берумен байланысты түсінеміз. Алайда оның көріністері әлдеқайда кең. Қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану, таныстыққа немесе жеке мүддеге байланысты артықшылық жасау, қызметтік міндеттерді орындау барысында заң талаптарын елемеу де қоғамдағы әділдік қағидаларына қайшы әрекеттерге алып келуі мүмкін.

Сондықтан әр адам өзінің күнделікті ісіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

«Бұл – ұсақ нәрсе» деген түсінік қоғамда қалыптаспауы тиіс. Өйткені үлкен мәселелер кейде осындай немқұрайдылықтан басталады.

Адалдық тәрбиеден басталады

Жемқорлықтың алдын алуда құқықтық шаралармен қатар, тәрбие жұмысының да маңызы зор.

Адалдық пен әділдік адам бойына бала кезден қалыптасады. Отбасында ата-ананың берген тәрбиесі, мектептегі ұстаздың өнегесі, қоғамдағы азаматтардың іс-әрекеті жас ұрпақтың дүниетанымына тікелей әсер етеді.

Бала үлкендердің ісіне қарап өседі. Егер ол адал еңбек етудің, өзгенің еңбегін бағалаудың, заңды құрметтеудің маңызын ерте түсінсе, болашақта қоғамға жауапкершілікпен қарайтын азамат болып қалыптасады.

Сондықтан жас ұрпаққа «адал бол», «әділ бол» деп сөзбен айтумен ғана шектелмей, осы қағидаларды күнделікті өмірде өзіміз де көрсетуіміз қажет.

Мемлекеттік қызметтегі жауапкершілік

Мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптың жоғары болуы заңды. Себебі мемлекеттік қызметші – мемлекет пен халық арасындағы байланысты жүзеге асыратын тұлға.

Оның әрбір шешімі, әрбір әрекеті азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сеніміне әсер етеді.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін орындау барысында заңдылық, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаларын басшылыққа алуы тиіс.Халыққа қызмет көрсету кезінде азаматтардың өтініштеріне мұқият қарап, мәселелерін заң аясында шешуге ұмтылу – мемлекеттік қызметтің басты міндеттерінің бірі. Мемлекеттік қызметтің беделі де осындай күнделікті қарапайым әрекеттерден қалыптасады.

Қоғамдағы сенімді арттыру үшін мемлекеттік органдардың қызметі барынша ашық әрі түсінікті болғаны маңызды.

Азамат өзіне көрсетілетін қызметтің тәртібін, қажетті құжаттарды, мерзімдерін және заңда белгіленген талаптарды нақты білген жағдайда, түрлі заңсыз әрекеттерге жол беру мүмкіндігі де азаяды.

Цифрлық технологиялардың дамуы осы бағытта үлкен мүмкіндік беріп отыр. Көптеген мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі азаматтарға уақыт үнемдеуге мүмкіндік беріп қана қоймай, адам факторының ықпалын азайтып, қызмет көрсету процесінің ашық болуына ықпал етеді.

Бұл – заманауи қоғамның маңызды жетістіктерінің бірі.

Жемқорлықпен күрес – әр азаматтың міндеті

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тек мемлекеттік органдардың жұмысына байланысты емес.

Кез келген азамат заң бұзушылыққа бейжай қарамауы керек. Егер қоғамда «маған қатысы жоқ» деген түсінік басым болса, келеңсіз әрекеттердің алдын алу қиындай түседі. Әр адам өз құқығын біліп, заңсыз әрекеттерге бармай, заң талаптарын сақтап, өзгенің де заң бұзуына жол бермеуге ұмтылғаны жөн.

Бұл жерде қоғамдық бақылаудың, құқықтық сауаттылықтың және азаматтық жауапкершіліктің маңызы ерекше.

Еңбекпен келген жетістік – ең қымбат жетістік

Адал еңбекпен келген табыстың орны бөлек.

Адамның кәсіби жетістігі, абыройы мен қоғамдағы орны ең алдымен оның біліміне, еңбегіне, қабілетіне байланысты болуы тиіс.

Жастарға да осы ұстанымды дәріптеу маңызды. Оларға тез пайда табудың емес, білім алып, кәсіп үйреніп, маңдай термен еңбек етудің артықшылығын түсіндіру – қоғамның ортақ міндеті.

Еңбеккорлық пен адалдық қатар жүрген жерде береке болады.

Бірлік пен жауапкершілік – ортақ құндылық

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар нәтижелі болуы үшін қоғамның барлық мүшесі ортақ ұстанымда болуы қажет.

Мемлекеттік қызметші – өз міндетіне адал болуы керек.

Кәсіпкер – заң талаптарын сақтауы тиіс.

Азамат – өз құқығын біліп, міндетін орындауы қажет.

Ата-ана – баласына адалдықтың үлгісін көрсетуі керек.

Ұстаз – жас ұрпаққа әділдік пен адамгершіліктің маңызын түсіндіруі тиіс.

Ал жастар – өз болашағын білім мен еңбекке негіздеуі қажет.

Осындай ортақ жауапкершілік қалыптасқанда ғана әділетті әрі таза қоғам құруға мүмкіндік молаяды.

Әділетті қоғам – жарқын болашақтың негізі

Елдің болашағы – бүгінгі таңда қалыптасып жатқан қоғамдық құндылықтарға байланысты.

Адалдықты бағалайтын, әділдікті ту ететін, заңды құрметтейтін қоғамда азаматтардың мемлекетке деген сенімі де жоғары болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – тек заңмен қорқыту немесе жаза қолдану мәселесі емес. Бұл – ең алдымен адамның санасын өзгерту, қоғамдағы құндылықтарды нығайту, адал еңбекті дәріптеу мәселесі.

Әр азамат «Қоғамды өзгерту үшін алдымен өзімнен бастауым керек» деген қағиданы ұстанса, бұл үлкен өзгерістердің бастауы болары сөз.

Адалдық – бір күндік ұстаным емес. Ол адамның күнделікті өміріндегі таңдауынан көрінеді. Заңды сақтау, өз міндетін жауапкершілікпен орындау, өзгенің құқығын құрметтеу, еңбекті бағалау – осының бәрі адал қоғамның негізін қалайды.

Таза қоғам – таза ниеттен, әділетті орта – адал әрекеттен басталады.

Сондықтан барша азаматты заңды құрметтеуге, адал еңбек етуге, жауапкершілікті сезінуге және қоғамдағы келеңсіз құбылыстарға бейжай қарамауға шақыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Адалдықты ардақтайық, әділдікті қолдайық, заңды құрметтейік!

Өйткені жемқорлықсыз, әділетті әрі жауапты қоғам құру – бүгінгі күннің ғана емес, келешек ұрпақ алдындағы ортақ парызымыз.

ОБЪЕМ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАЗАХСТАНЦЕВ НА 01.09.2026 Г. ПРЕВЫСИЛ 28,47 ТРЛН ТЕҢГЕ

Объем пенсионных накоплений казахстанцев на 01.09.2026 г. превысил 28,47 трлн теңге, показав рост за 12 месяцев на 3,36 трлн теңге (или на 13,4%).

Пенсионные накопления за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) на 1 сентября 2026 года 26,37 трлн теңге, увеличившись за 12 месяцев на 2,53 трлн теңге или 10,6%.

Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) составила 746,13 млрд теңге, показав рост за 12 месяцев на 5,0%.

Продолжился рост накоплений, сформированных за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ). На 1 сентября 2026 года их объем составил 10,43 млрд теңге, увеличившись за 12 месяцев на 7,1%.

Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей), на 1 сентября 2026 года составила 1 348,82 млрд теңге, увеличившись за 12 месяцев почти в 2,5 раза.

Поступления

Общий объем накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода. За 8 месяцев 2026 года на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 2 439,42 млрд теңге взносов, что на 15,9 % (или на 334,44 млрд теңге) больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала 2026 года на 1 сентября 2026 г. поступило 1 865,85 млрд теңге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 8,1 %), ОППВ – 100,97 млрд теңге (рост на 12,3%), ДПВ – 1412,37 млн теңге. Взносы за счет ОПВР с начала года на 01.09.2026 г. составили 471,18 млрд теңге.

Чистый инвестиционный доход, поступивший на счета вкладчиков с начала года, по состоянию на 01.09.2026 года составил 1198,09 млрд теңге.

Выплаты и переводы

Выплаты по всем видам взносов и переводы в страховые организации из ЕНПФ за январь-август 2026 года достигли 1242,35 млрд теңге.

Объём выплат по возрасту составил 196,23 млрд теңге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста – 39 008 теңге.

Единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение с начала 2026 года на 01.09.2026 г. составили 462,75 млрд теңге, выплаты по наследству – 70,61 млрд теңге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 33,62 млрд теңге, выплаты лицам с инвалидностью – 2,32 млрд теңге, выплаты на погребение – 6,33 млрд теңге. В страховые организации переведена сумма в размере 470,49 млрд теңге.

Количество ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 сентября 2026 года составило 19,01 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,13 млн единиц или 6,3%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 сентября 2026 г. - 12,87 млн единиц, из них: 11,42 млн - по ОПВ, 794,38 тыс. - по ОППВ, 464,91 тыс. - по ДПВ. Отметим, что в общее количество счетов по учету ОПВ (11,42 млн единиц) также входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 6,14 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

